

ISSN 3007-2840

Қазақ тарихы

электронды журналы

Electronic journal of
Kazakh history

№ 4(184) 2024

«History and Culture» ЖШС

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ KAZAKH HISTORY

ЭЛЕКТРОНДЫ ЖУРНАЛЫ
№4 (184) 2024

ELECTRONIC JOURNAL
№4 (184) 2024

Құрылтай және баспагер:

«History and Culture» ЖШС. Алматы, Қазақстан.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттар мен архивтер комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 02.11. 2023 жылғы № KZ 38RBZ00041763 күәлігі берілген.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

Founder and publisher:

«History and Culture» LLP, Almaty, Kazakhstan

Periodic press publication of the Information and Archives Committee of the Republic of Kazakhstan on communication and information and (but) on registration of information agencies 02.11. Certificate No. KZ 38RBZ00041763 dated 2023 was issued.

Published 4 times a year
(March, June, September, December)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ

Бас редактор – **Жұматаев Ринат Серикович** – Phd, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары – жауапты редактор

Ноғайбаева Мендигүл Сағатовна – т.ғ.к., қауымд. профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры м.а. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Ангела Шоттенхаммер – тарихшы синолог, т.ғ.д., KU Leven университеті (Бельгия)

Бабакүмар Қинаятұлы – этнограф, т.ғ.к., Дебрецен университеті (Венгрия)

Эврим Олчер – этнограф, PhD, Қажы Байрам Вели университеті (Түркия)

Алтымышева Зухра Америкүловна – тарихшы, Phd, «Манас» Қырғыз-Түрік университеті (Қырғызстан)

Байгабатова Назгуль Қажымуратовна – этнограф, т.ғ.к., I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті (Қазақстан)

Ақымбек Ералы – Phd, археолог. Ә. Марғұлан атындағы Археология институты (Қазақстан)

Кенжаева Наргиза Соатумуниновна – тарихшы, Phd, Шыршық мемлекеттік университетінің Репрессия құрбандарын еске сақтау музейі (Өзбекстан)

Ильясова Зибегүл Сулейменовна – тарихшы-шығыстанушы, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

Сайлаубай Ерлан Ерназарұлы – археолог, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Елтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры (Қазақстан)

Бесетаев Бауыржан – археолог. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан)

Намен Абай – Phd, археолог. Назарбаев университеті (Қазақстан)

Бабабеков Ақбар Давурбаевич – Phd, этнограф. Ұлықбек мырза атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (Өзбекстан)

Гурсой Музаффер – Phd, археолог. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан)

Жетпісбай Нұржан Ықсанұлы – Phd, тарихшы. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

EDITORIAL COUNCIL

Editor-in-chief – **Zhumatayev Rinat** – Phd, Al-Farabi Kazakh National University, Head of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology (Kazakhstan)

Deputy editor-in-chief – executive editor – **Nogaibayeva Mendigul** – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Department of History of Kazakhstan (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Angela Schottenhammer – Full Professor of Chinese Middle Period & Early Modern World History at KU Leuven (Belgium)

Babakumar Kinayatuly – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, University of Debrecen (Hungary)

Evrin Ölçer Özünel – Ethnographer, PhD, Associate Professor, Ankara Haji Bayram Veli University (Türkiye)

Altymysheva Zuhra – Historian, Phd, Kyrgyz-Turkish "Manas" University (Kyrgyzstan)

Baigabatova Nazgul – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, Zhetisu University (Kazakhstan)

Akymbek Eraly – Phd, Archaeologist. Margulan Institute of Archeology (Kazakhstan)

Kenzhaeva Nargiza – Historian, PhD, Chirchik State Pedagogical University, Memorial Museum of Victims of Repression (Uzbekistan)

Ilyasova Zibagul – Historian-Orientalist, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Saylaubay Yerlan – Archaeologist, Candidate of Historical Sciences, Director of the Research Center "Eltanu" of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Besetaev Baurzhan – Archaeologist, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Namen Abay – Phd, Archaeologist. Nazarbayev University (Kazakhstan)

Bababekov Akbar – Phd, ethnographer. National University of Uzbekistan (Uzbekistan)

Gursoi Muzaffer – PhD, Archaeologist. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. (Kazakhstan)

Zhetpisbai Nurzhan – Phd, Historian. Institute of History and Ethnology named after Sh.Sh. Ualikhanov. (Kazakhstan)

Журналда тарих ғылымының келесі бағыттары бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (ежелгі, ортағасырлар, жаңа және қазіргі заман), археология, деректану және тарихнама, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, ағылшын. 1993 жылдан бастап шығады

Scientific works are published in the journal in the following areas of historical science: history (ancient, medieval, new and modern), archeology, source studies and historiography, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, English. Founded in 1993.

Редакциямен баспаның мекен-жайы:
050040 Көктем-4 ы/а, 13-үй, 19 п.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«History and Culture» ЖШС. Тел.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com
Журнал сайты: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

Address of the editorial office:
050040 microdistrict Koktem-2, no. 13, apt. 19.
Almaty, Republic of Kazakhstan

«History and Culture» LLP. Tel.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com
Journal site: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ
ТАРИХНАМА**

**SOURCE STUDIES AND
HISTORIOGRAPHY**

Бауыржан Мустафаев

«Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының бас ғылыми қызметкері,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
e-mail: baurzhanmustafa@mail.ru

**ҚҰРБАНҒАЛИ ХАЛИДИДІҢ
«ТАУАРИХ-И ХАМСА-И ШАРҚИ» ЕҢБЕГІНДЕГІ
ФЕРҒАНА ХАНДАРЫНЫҢ БАЯНЫ БӨЛІМІНЕ ТАЛДАУ**

Аңдатпа: Мақалада атақты, өлкетанушы, тарихшы Құрбанғали Халидидің «Тауарих-и хамса-и шарқи (Шығыстың бес елінің тарихы)» атты еңбегінің қолжазбасы, сол еңбектің 1910 жылы Қазан баспасында шыққан нұсқасы мен Б.Төтенаев пен А.Жолдасов аударған, 1992 жылы «Тауарих хамса (Бес тарих)» деген атаумен шыққан нұсқадағы «Ферғана хандарының баяны» атты бөлімінің бір бөлігіне салыстырмалы, салғастырмалы, лингвистикалық, текстологиялық әдістерді қолдану арқылы талдау жүргізілді. 1992 жылы нұсқада көрсетілмеген, аударылмаған немесе қате аударылған бөліктерге зерттеу жүргізіліп, аударма жасалды. Зерттеу нәтижесінде 1992 жылғы нұсқада «Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегінің көптеген бөліктері аударылмай түсіп қалған немесе дұрыс аударылмағандығы байқалды. Құрбанғали Халидидің «Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегі толық, дұрыс аударылған жағдайда, шығыстанушылар, филологтар, тарихшылар т.б. зерттеушілер үшін қажетті дереккөз болмақ.

Түйін сөздер: Құрбанғали Халиди, Тауарих хамса, Ферғана хандары, қолжазба, аударма.

Сілтеме үшін: Мустафаев Б. Құрбанғали Халидидің «Тауарих-и Хамса-и Шарқи» еңбегіндегі Ферғана хандарының баяны бөліміне талдау // Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 184. No 4. 4-14 бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-4-4-4>

Bauyrjan Mustafaev

Chief Researcher at the «Otyrar Library» Research Center,
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
e-mail: baurzhanmustafa@mail.ru

**Analysis of the section on the account of the fergana khans
in Qurbanqali Khalidi's work *Tawarikh-i khamsa-i sharqi***

Abstract: This article presents a comparative, contrastive, linguistic, and textual analysis of the manuscript of the famous historian and local historian Qurbanqali Khalidi's work *Tawarikh-i Khamsa-i Sharqi* (The History of the Five Eastern Countries), its 1910 edition published in Kazan, and the 1992 edition titled *Tawarikh Khamsa (Five Histories)*, translated by B. Tötanayev and A. Zholdasov, specifically the section titled "The Account of the Fergana Khans." The study focuses on parts of the text that were either omitted, untranslated, or mistranslated in the 1992 edition, providing corrections and new translations. The research reveals that numerous sections of *Tawarikh-i Khamsa-i Sharqi* were either left untranslated or inaccurately rendered in the 1992 version. If the work is fully and accurately translated, it will become an essential source for scholars in fields such as oriental studies, philology, and history.

Keywords: Qurbanqali Khalidi, Tawarikh Khamsa, Fergana Khans, manuscript, translation.

For citation: Mustafaev B. Analysis of the section on the account of the Fergana khans in Qurbanqali Khalidi's work *Tawarikh-i Khamsa-i Sharqi* // Electronic scientific journal " Kazakh history ". 2024. Vol. 184. No. 4. Pp. 4-14 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-4-4-4>

Кіріспе

Қазақстан тарихы мен шығыстану саласындағы көрнекті тұлға Құрбанғали Халидидің «Тарих-и жарид-и жадида» – «Жаңа тарих жазбалары» (1889) және «Тауарих-и хамса-и шарқи» – «Шығыстың бес тарихы» (1910) атты еңбектері Қазақстан мен Орталық Азия елдері-

нің тарихына қатысты құнды дереккөзі болып саналады. Бұл еңбектер Ресейдің Қазан қаласындағы «Өрнек» баспасынан жарық көрді. Бұл екі еңбек шағатай тілінде жазылған және оның ішінде араб, парсы тілдері кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, оның ішінен түрік, татар, қазақ тілінде жазылған бөлімдерді байқауға болады.

Құрбанғали Халидидің «Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегі түркі тілдес халықтардың тарихы мен мәдениеті туралы жазылған құнды еңбек болып саналады. Бұл еңбектегі Ферғана ханадарының тарихына арналған бөлім маңызды орын алады.

Мақаланың мақсаты «Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегіндегі Ферғана хандарының баяны бөліміне терең талдау жүргізу. Бұл талдауда Халидидің қолжазбасы, 1910 жылы Қазан баспасында шыққан нұсқасы және 1992 жылы аударылған нұсқалардың арасында орын алған айырмашылықтар мен қателіктерді зерттеу қарастырылады.

Халидидің еңбегіндегі Ферғана хандары туралы бөлімдер қазіргі тарихшылар мен зерттеушілер үшін маңызды дерек болып табылады. Алайда, аудармаларда кеткен қателіктер мен түсінбеушіліктер осы деректерді дұрыс пайдалануына кедергі болуы мүмкін. Осы себепті, бұл мақаланың мақсаты – осы мәселелерді анықтап, дұрыс аударма ұсыну болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында салыстырмалы, салғастырмалы, текстологиялық, лингвистикалық, құжаттық-деректанулық зерттеу әдістері қолданылды. Түпнұсқа мәтін мен аударма мәтін салыстырылып, текстологиялық талдау жасалды. Еңбектегі тарихи оқиға болған жылдарды һижра жыл санауынан григориан жыл санауына ауыстырғанда кеткен ауытқушылықтарға талдау жасалды. Мақалада Еуразия ұлттық университеті „Отырар кітапханасы“ ғылыми орталығының сирек қолжазбалар қорында сақталған Құрбанғали Халидидің „Тауарих-и хамса-и шарқи“ атты қолжазбасының факсимилиесі, осы еңбектің 1910 жылы Қазан баспасынан шыққан нұсқасы, 1992 жылы Б.Төтенаев пен А.Жолдасов „Тауарих хамса (бес тарих)“ деп аударған нұсқасы және 2019 жылы Т.Қ.Жұртбай, Б.Ж.Мустафаев, Ш.Х. Бегімтаев аударған „Тауарих-и хамса-и шарқи“ Шығыстың бес елінің тарихы атты нұсқасы салыстырылып, талдау жасалды.

Талқылау

Құрбанғалидің әкесі Халид Қазан уезінің Урнаш Баши ауылында дүниеге келген. Ол жас кезінен саудагерлікке үйреніп, қазақтармен сауда-саттық жасап отырған. Кейін Аягөз қаласына (Семей облысы, Қазақ КСР) біржола көшіп ба-

рады. Құрбанғали Халиди 1846 жылы қараша айында сол қалада дүниеге келген. Сол жерде 30 жыл тұрады. Содан шекарадағы Бахты жеріне, кейін Қытайдағы Тарбағатай округінің орталығы Шәуешек қаласына көшеді (Кармышева, 1971: 100-101).

Хазіреті Құрбанғали Аягөз, Семей медреселерінде Мұхаммед Садық Ысмайылұлы және Әбдіжаппар Ғұбайдуллаұлы деген молдалардан сабақ алған (Фахреддинов, 1913: 163). Ол жерде араб, парсы, түрік тілдерін оқиды. Тіл білгенінің арқасында шығыс тарихынан көп мағлұмат алады. Құрбанғали Халиди медреседе діни білім алумен қатар, өз бетінше зайырлы ғылым салысынан да қажетті білім алады. Ол орта азиялық түркі тілдерін жақсы меңгерген, қазақ тілін жетік білген. Оған «Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегіндегі қазақ ауыз әдебитінен келтірген мәліметтері куә бола алады (Кармышева, 1971: 101).

1874 жылы Құрбанғали Шәуешектегі бір мешітте өмірінің соңына дейін имамдық қызмет атқарады. Ол 1913 жылдың 14 наурыз айында дүние салған. Құрбанғали Халиди өз заманының рухани өмірінен тыс қалмас үшін, XIX ғасырдың соңымен XX ғасырдың басында Ресейде шығатын түрік тілдеріндегі кітаптар мен газет журналдарды үнемі жаздырып алдырып отырған. Әсіресе ол 1908 жылдан 1917 жылға дейін Орынборда шығып тұрған, татар тіліндегі «Шуро» журналының тұрақты оқырманы болған. Осы журналдың редакторы, белгілі тарихшы Риззадин Фахруддиновпен хат жазысып тұрған. Оған қоса, Стамбул қаласынан шығатын тарихи кітаптарды, мерзімдік басылымдарды алдырып отырған (Кармышева, 1971: 101).

«Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегін алғаш рет 1992 жылы этнография, шығыстану саласының ғалымдары Б. Төтенаев пен А. Жолдасов қазақ тіліне аударып, «Тауарих хамса (Бес тарих)» деген атпен Алматы баспасынан жарыққа шығарды. Осы еңбек шыққаннан бастап әлі күнге дейін көптеген тарихшы ғалымдар осы нұсқаны дереккөзі ретінде өз еңбектерінде пайдаланып келеді. Мысалы, Е. Бекмаханов өзінің «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты еңбегінде, М. Мағауин «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» атты еңбегінде, Ш. Керімов «Күйеу келтір, қыз ұзат» атты еңбегінде, «Тауарих хамса (Бес тарих)» кітабынан мәліметтерді пайдаланған.

Қытайдың Шығыс Түркістан өлкесінің азаматтары Хафиз Саттар Салих пен Қызыркелді Әбдірахманұлы 2014 жылы Халидидің еңбегіне

«Тауарих хамса: бес тарих» деген атпен аударма жасап, өз нұсқаларын Бейжіңдегі «Ұлттар баспасынан» басып шығарды. Бұл кітап та Б.Төтенаев пен А. Жолдасовтың аудармасы негізінде жазылған.

Осы 1992 жылы және 2014 жылы шыққан нұсқаларды Қазанда 1910 жылы шыққан нұсқамен салыстырсақ, көптеген олқылықтарды байқауға болады. Кейбір араб, парсы тілдеріндегі сөздердің, сөйлемдердің дұрыс аударылмағандығы, кейбір бөліктердің мазмұндалып аударылғандығы байқалады. «Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегінің Қазанда басылған нұсқасы 798 беттен тұрса, Б. Төтенаев пен А. Жолдасов аударған нұсқа 304 беттен тұрады. Осы жерден-ақ еңбектің едәуір қысқарғанын байқауға болады.


Сол себепті, 2018 жылы Халидидің «Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегінің 4 бөлімін профессор Тұрсын Жұртбай бастаған топ қайта, толық аударып, „Қазақ қолжазбаларының“ 10-шы томына басып шығарды. Сонымен қатар, 2019 жылы Құрбанғали Халиди „Тауарих-и хамса-и шарқи“. Шығыстың бес елінің тарихы“ деген атаумен Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының баспа-редакция орта-

лығы арқылы 2 том етіп шығарды.


«Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегінің 1910 жылы Қазанда басылған нұсқасы 798 беттен 12 тараудан, тұрады. Тараулар Ферғана хандары туралы, Алты шаһар жағдайы, Қазақтың ахуалы және хандары, Қалмақтар туралы, Ресейдің қазақ жеріне аяқ басуы және кейбір бекіністердің құрылысы, өзен, бұлақ, жыл ай атаулары, автордың қажылыққа барғандағы естеліктері, моңғол-татарлардың тарихы, Жапония туралы және Қытай хандары сияқты тақырыптарды қамтиды.

Құрбанғали Халиди осы еңбекті жазуда ауызша мәліметтерді жиі қолданған. Сонымен қатар, көптеген ғылыми әдебиеттерді пайдаланғанын айтады. Ол «Мустафаду-ль-Ахбар», «Уқиянус», «Тарих Табари», «Жуғрафия-и Кәбир», «Тибиан нафиг», «Жаһаннаме», «Шажара-и турк», „Ғиясу луғат“ т.б. әдебиеттерді үнемі қолданып отырған.

Енді «Тауарих хамсаны» аударған Б.Төтенаев пен А. Жолдасовтың (әрі қарай 1992 жылғы нұсқа) нұсқасында аударылмаған, қысқартылып мазмұндап аударылған жерлерге тоқталамыз. Қолжазба мен Қазан басылымында еңбек төмендегі шумақпен басталады.




[OKFO СҚК, Т 1, №1-1]




(Халидұлы, 1910: 3).

Аудармасы: Иә, раббым, қиындатпай жеңілдет
Және жақсылықпен аяқтауды нәсіп ет! (Халиди, 2019: 51)




(OKFO СҚК, Т 1, №1-1).




(Халидұлы, 1910: 3).

Аудармасы: Бисми-л-ләһи-р-рахмани-р-рахим. Бұл басталған сөз, Аяқталған жазба, Барлық кемшіліктерден (қателерден) ада, Күллі мазмұны жаңа. Барлығы тек Аллаға ғана аян [Халиди, 2019: 51].



(OKFO CҚК, Т 1, №1-1).



(Халидұлы, 1910: 3).


Аудармасы: Тарих ғылымы мен мағлұматтар және даналардың өнері, білім нәтижелері дәлелді болса, онда бұл – ұлы санат, ал түпнұсқадағы қолжазба, атақты, ұлы адамдардың пікірінше – қол жетпес қазына болып табылады [Халиди, 2019: 51].


Осы жоғарыда көрсеткен үзінділер 1992 жылғы нұсқада көрсетілмеген.

Байқағанымыздай, 1992 жылғы нұсқада дінге қатысты сөйлемдер немесе толық абзацтар аударылмай, түсіп қалып отырған. Бұл еңбекті


олар 1980-ші жылдардың аяғы мен 1990-шы басында аударғандығын ескеретін болсақ, сол кездегі саяси-идеологиялық ахуалға байланысты толық аударылмай қалуы мүмкін деп ойлаймыз.

Тағы бір мысал келтірсек:





(OKFO CҚК, T 1, №1-1).



(Халидұлы, 1910: 4).

Аудармасы:

Ұлы тарих ғылымының биік мәртебесі мен оған деген қажеттілік жайында айтылған көне сөздер – соған дәлел әрі бізге жол нұсқайтын бағдар болмақ. Алла тағала Құранда ежелгі ұлттардың хал-ахуалы мен істеген істерін баяндау арқылы пенделеріне тағлым көрсетіп, оларды мысалға келтіре отырып, кейінгілерге сабақ берді. «Өткендердің хал-ахуалы – кейінгі ұрпаққа ғибрат», – деп бекер айтылмаған шығар.


«Фикһ» кітаптарында тарих ғылымы – «парыз кифая» болып табылады. Адам бұл дүниеге жалғыз өзінің қамы үшін келген жоқ. Ол өзін-өзі дұрыс жолға қойып, пайдалы іспен шұғылданып: «Жақсы адамның пайдасы көпке тиеді», – деген мағынаға сай өмір сүруі тиіс. Олай болса, әр адам өз өмірінде қандай да бір іс тындырып, өзінен кейінгілерге белгі қалдыруы тиіс. Адам баласы жан-жануарлардан артық етіп жаратылған. Бұл артықшылық, мысалы, тек тарих жазумен ғана өлшенбейді, әр адам өле-өлгенше өзі қолынан келген ісімен айналысуы керек. Сондықтан да, ғалымдар – қаламымен, өскер – найза ұшымен, хикмет иелері – ойларымен, байлар – мал-мүлкімен жақсылыққа үлес қосуға, сөйтіп, олардың барлығы және әрқайсысы жұртшылыққа пайдасын тигізуі уәжіп (Халиди, 2019: 53).

Құрбанғали Халиди осы еңбегінде тарихи кезеңдерді көрсетуде һижра бойынша жыл санау жүйесін қолданған. Төтенаев пен Жолдасов нұсқасында һижра бойынша берілген жылдарды григориан жүйесіне ауыстыру үшін һижра жылына 583 тұрақты санын қосу керек деп жазылған (Халид, 1992: 8). Бұл нұсқамен есептейтін болсақ, еңбектегі григориан жылдары 4-5 жыл кемге шығып отырады. Сондықтан біз 2019 жылғы нұсқада (һижра x 0,97) +

621,6 формуласын қолдану арқылы григориан жылдарын дұрыс жазуға тырыстық. Мысалы, Шахрух хан һижра бойынша 1121 жылы таққа отырды десе, $1120 + 583 = 1704$ жыл болады. Ал біз ұсынған формула бойынша $(1121 \times 0,97) + 621,6 = 1709$ жыл болады. Қазір интернет желісінде һижра жылын григориан жылына ауыстыратын көптеген сайттар бар, солармен тексеріп көргенде біздің нұсқа дұрыс шығып отырады.

Халиди Алтын бесіктің ұрпақтары туралы тарихты айта келе арасына қызықты оқиғаларды қосып отырады. Ондай оқиғалар да 1992 жылғы

нұсқада берілмей, түсіп қалған. Мысалы Шахрух ханның таққа отыруына қатысты болған оқиғаны былай баяндайды:



(Халидұлы, 1910: 4).

Аудармасы: Анықтама: Осы Шахрух ханның таққа отыру рәсімін құттықтау үшін көрші елдің бірінен елші келеді. Ханның дастарханында ас ішіп отырғанда, ханның сақалына күріш жабысып қалады. Сонда уәзірлерінің бірі:

«Қамбадағы астықты жемек үшін аң келді,

Бес жауынгер жіберіп, оны атып ал енді», – деп жұмбақтап сөйлеп, ханға емеуірін етеді.


Хан сақалын сипап, күрішті сиырып тастайды. Мұны аңғарған елші риза болады. Отырыстан кейін, жатар жеріне келіп, дәрет алуға барады. Сол жерде тұрған жолдастарына ханның қабылдауында көзімен көргенін айтып: «Олар бір-бірінің айыбын емеуірінмен түзетеді екен. Елімізге қайтқанда ханымызбен бірге дастархандас болғанда, сондай жағдай қайталана қалса, әлгі тәмсілді айтарсыңдар. Сонда абыройымызды сақтаймыз», – деп ескертеді. Еліне қайтып, оралған соң, бір күні ханмен бірге дастархандас болады. Сонда уәзірдің сақалына күріш жабысып қалады. Қасындағы серігі әлгі

тәмсілді ұмытып қалып: «Тақсыр сақалыңызға дәретханада айтқан...», – деп көсілте жөнеліпті-міс (Халиди, 2019: 63).


Төтенаев пен Жолдасов бұндай әңгімелерді аударуды маңызды деп есептемеген сияқты.

Халиди қолжазбасында осы жерді хашия түрінде қағаздың шетіне ұзынынан жазған, соған байланысты қолжазбаның суретін бұл жерде көрсете алмадық.

Қазан басылымы мен қолжазбада Халиди кейбір мәліметтерді қайдан алғанын көрсетіп, жазып отырады. Нарбота хан туралы бөлімде төмендегідей сөйлем бар:



[OKFO CCK, T 1, №1-1]



(Халидұлы, 1910: 10).

Аудармасы: «Мустафаду-ль-Ахбар»¹ кітабында: «Сүлеймен хан мен Нарботаның арасында Мұхаммед Амин хан бар» – деп атап көрсетіп, оның ныспысын «Мұхаммед Амин ұлы Нарбота хан», – деп жазған [Халиди, 2019: 63].



1992 жылғы нұсқада осы сөйлем аударылмай қалған.

1992 жылғы нұсқада кейбір дұрыс аударылмай қалған сөйлемдер де кездесіп отырады. Осы Нарбота хан туралы бөлімде:

«وفى الاساس ولى امى دن مركب كلمه دور» – уә фил-әсәс уәли уммиден мураккаб кәлимә дүр [Халидұлы, 1910: 10], деген сөйлем 1992 жылғы нұсқада «Әл-Асас» кітабы «улеми» сөзін «уәлиумм» деген


сөзден құралған күрделі сөз [Халид, 1992: 11], – деп аударылған. Осы жердегі «фи-л-әсәс» деген сөз кітап туралы емес, араб тілінен аударғанда «негізінде» деген мағынаны береді. Сонда жоғарыдағы сөйлем «Негізінде, «уәли» мен «уммиден» құралған сөз», – деп аударылғаны дұрыс болады.

Халиди өз еңбегінде кейбір сөздердің шығу тегіне, мағынасына талдау жасап, оны қандай дерек көзінен алғанын жазып отырады:



(OKFO CҚК, T 1, №1-1).

¹ «Мустафаду-ль-Ахбар» – Толық атауы «Мустафаду-ль-Ахбар фи ахуал Қазан уә Булғар». Бұл тарихи шығарманы татардың белгілі ғұламасы Шиһабуддин Маржани жазған. Еңбек 1885 жылы Қазанда жарық көрген.




(Халидұлы, 1910: 11).

Аудармасы: Енді хазірет уламның: хан – «хунның» түбірінен шыққан сөз дегенін зерделеп көрейік. «Усул лисан арабия» (Лисану-л-араб болуы мүмкін)² кітабында «хан» мен «хун» да сөз бен мағына жағына сөйкес келеді деп айтылғанымен, түрк тілдерінде бұл зерттеуді қажет етпейді. Бұндай сөзжасам түрлерін өзгертуге тиым салынады. Өйткені сөзжасам әдістерінің барлығы арабтардың сыйлы ақындары мен ғұламаларының сөзімен бекітілетіндіктен де, біздің иглөл³ және жаңа сөз тудыру әдістерімізге аталмыш ханның сөзі дәлел бола алады. Ал хан сөзі «хун»⁴ болып айтылатын болса, ол талқыланбас еді. Қате пікірлерді жою мақсатымен жоғарыда айтылған сөз төңірегінде біраз әңгіме қозғалды (Халиди, 2019: 67).

1992 жылғы нұсқада кейбір ұзақ баяндалатын бөліктер қысқаша ғана мазмұндап аударылып берілген. Мысалы: «Сонда Салар бойында қалған үйін сатып Шарафи бай деген бір досы ақшасын жіберіп еді. Марқұм-


ның қазақтардың ішіне келуі Абылай ханның қаза болған мезгіліне жақын, Әбул Файз хан дәуіріне тұстас екен (Халид, 1992: 14). Осы бөлік қолжазба мен 1910 жылғы нұсқада былай баяндалады:





² Лисану-л-араб – 20 томнан тұратын араб тілінің түсіндірме сөздігі. Бұл сөздікті 1882 жылы Мысырдың атақты ғалымы, ислам мен араб тілі ғылымының білгірі Ибн Манзур (1817-1893) жарыққа шығарған.

³ Иглөл – араб тіліндегі дауысты дыбыстардың орын алмасуы.

⁴ Хун – пар. қан, қантөгіс, өлім.



(OKFO CҚК, T 1, №1-1).



(Халидұлы, 1910: 18-19).

Аудармасы: Ташкент қаласы Ресейдің қоластына кіргеннен кейін Шарафи бай есімді бір досы жоғарыда айтылған Салар бойындағы қора-жайды сатып, ақшасын жіберіп еді. Сол уақыттағы Ресей мен хандардың арасындағы келісім-шарт бойынша бұл жер ешкімге сатылмай тұрған еді. Бәлкім, бұл шаһар бұрынғыдай мұсылмандардың қолында болғанда, онда тағы да көшіп келуіміз мүмкін деген үміт өшпес еді. Дегенменен де заман талабы оған бағынбады, Ташкент шаһары Ресейге қарағаннан кейін қора-жайды сатуға рұқсат берілді.

Марқұм әкеміз – Абылай хан өлімі мен Әбіл-файыз ханның билік заманына жақын уақытта қазақ арасына көшіп келген. Бұл – осы тайпаның, яғни, қазақ елінің Ресейге әлі бағынбаған кезі еді. Сондықтан да әкеміз маған: қазақтың еркін кезіндегі тарихын, сонымен қатар, Түркістан мен Ферғана хандарының, уәлилер мен бектердің арасындағы оқиғаларды үнемі ұзақ-ұзақ

баяндап бергенді ұнататын. Сол естіген хикаялардың ішіндегі есімізде қалған оқиғаларды осы тарихымызды жазу барысында пайдаландық. Мұны оқығандар әкеміздің рухына дұға қылар деп ойлаймыз [Халиди, 2019: 81-83].

Көріп отырғанымыздай, 1992 жылғы нұсқада дұрыс аударылмаған, түсіп қалған, қысқартылып аударылған бөліктер көптеп кездеседі. 1992

жылғы нұсқадағы жіберілген барлық оққылықтарды бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Бұл зерттеу келешекте әрі қарай жалғасын табады.

Нәтижелер

Зерттеу барысында «Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегінің 1992 жылғы аударма нұсқасындағы кейбір бөліктердің толық емес немесе дұрыс аударылмағаны анықталды. Сонымен қатар нижаз жыл санау үлгісімен берілген жылдарды григориан жыл санау үлгісіне ауыстырудағы кемшіліктер анықталды. Бұл Құрбанғали Халидидің «Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегіндегі тарихи маңызы бар ақпараттың түсіп қалуына немесе дұрыс жеткізілмеуіне әкеліп соқтырды. Сонымен қатар, кейбір терминдер мен атаулардың аудармасы дұрыс таңдалмағаны байқалды.

«Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегіндегі еңбегіндегі мәліметтер негізінде, Ферғана хандарының рөлі мен олардың Орта Азияның саяси тарихындағы орны нақтырақ айқындалды. Бұл бөлімнің дұрыс әрі толық аударылуы, Ферғана аймағындағы тарихи процестердің терең түсінілуіне ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері «Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегінің шығыстанушылар, филологтар, тарихшылар үшін құнды дереккөз болып табы-

латынын көрсетті. Аудармада кездескен қателіктерді түзету арқылы бұл еңбек қазіргі заманғы зерттеулер үшін тиімді пайдаланылуы мүмкін.

Қорытынды

Мақалада ұсынылған түзетулер мен жаңаша аударма арқылы «Тауарих-и хамса-и шарқи» еңбегінің толық және дұрыс аударылуын қамтамасыз ету керек. Бұл шығыстанушыларға, тарихи зерттеулер жүргізетін ғалымдарға осы еңбекті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Аудармадағы түзетулер еңбектің ғылыми құндылығын арттырады. Болашақта осы еңбектің басқа бөліктеріне де салыстырмалы зерттеулер жүргізілуі қажет. Сол арқылы Орталық Азия халықтарының тарихын терең зерттеуге мүмкіндіктер ашылады деп ойлаймыз.

Аудармадағы дәлдік пен толықтық мәселелерін шешу үшін болашақта атқарылатын жұмыс өте маңызды. Ғылыми қауымдастыққа, тарихшылар мен филологтарға, сондай-ақ студенттер мен зерттеушілерге осы еңбек үлкен пайда әкеледі деп сенеміз.

Қысқартулар

ОКФО СКҚ – «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының сирек қолжазбалар қоры

Әдебиеттер

- Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында – Алматы: Санат, 1994. 416 б.
- Кармышева Дж.Х. Казахстанский историк-краевед и этнограф Курбанғали Халиди // Советская этнография, 1971. №1. С. 100-110.
- Керімов. Ш. Күйеу келтір, қыз ұзат. Алматы: Ана тілі, 1992. 112 б.
- Қазақ қолжазбалары: Көне түркі және қазақ жазба әдеби мұралары (б.д.д. V ғ. бастап – XX ғ. дейін): 10 томдық басылым / Түпнұсқадан қазақ тіліне ауд. Т. Жұртбай, Б. Мұстафаев, Ш. Бегімтаев. Л. Н. Гумилев атынд. Еуразия Ұлттық ун-ті жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы. Алматы: Ел-шежіре, 2018. Т 10. 496 б.
- Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Алматы: Ана тілі, 1992. 176 б.
- Өзбек (Ферғана хандары) тарихына қатысты қолжазбалар // ЕҰУ „Отырар кітапханасы“ ғылыми орталығының сирек қолжазбалар қоры. Т 1, №1-1 Шәуешектік Құрбанғали қари Халидовтың архивінен
- Фахруддинов Р. Құрбанғали Халидұлы тарихқа қызмет етуші ғалымдарымыздан // Шуро, 1913. №6. 163 б.
- Халид Қ. Тауарих хамса (Бес тарих) / Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. Алматы: Қазақстан, 1992. 304 б.
- Халид Қ. Тауарих хамса: бес тарих. / Ауд. Хафиз Саттар Салих, Қызыркелді Әбдірахманұлы. Бейжің, 2014. 470 б.
- Халиди Қ. «Тауарих-и хамса-и шарқи» – шығыстың бес елінің тарихы: бірінші кітап. – Астана: ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының баспа-редакция орталығы, 2019. 326 б.
- Халидұлы Қ. Тауарих-и хамса-и шарқи. – Қазан: Өрнек, 1910. 798 б.

References

- Bekmakhanov E. Kazakhstan XIX ghasyrdyn 20-40 zhildarynda [Kazakhstan in the 20s-40s of the 19th century] Almaty: Sanat, 1994. 416 p.
- Karmysheva Dzh.Kh. Kazakhstanskii istorik-kraeved i etnograf Kurbangali Khalidi. [The Kazakh historian, regional and ethnographer Kurbangali Khalidi] //Sovetskaya etnografiya, 1971. – №1 pp.100-110.

Kerimov Sh. Kuieu keltir, kyz uzat. Almaty: Ana tili, 1992. 112 p.

Qazaq qolzhazbalary [Mätin] : Köne türki zhane qazaq z hazba ädebi muralary [Kazakh Manuscripts: Ancient Turkic and Kazakh Written Literary Heritage] (b.d.d. V g. bastap – XX g. deiin) : 10 tomdyq basylım. //Tupnusqadan qazaq tiline aud. T. Zhurtbai, B. Mustafaev, Sh. Begimtaev]; L. N. Gumilev atynd. Eýraziya Ulıtyq un-ti zhanyndagy “Otyrar kitapkhanasy” ğylymi ortalygy . Almaty : El-shezhire , 2018. T 10. 496 p.

Magauin M. Qazaq khandygy dauirindegi ädebiiet. [Literature from the Era of the Kazakh Khanate]. Almaty: Ana tili, 1992. 176 p.

Ozbek (Fergana khandary) tarikhyna qatysty qolzhazbalar [Manuscripts Related to the History of Uzbek (Ferghana Khans)] // EUU „Otyrar kitapkhanasy“ ğylymi ortalygynyñ sirek qolzhazbalar qory. T 1, №1-1 Shäueshektik Kurbangali qari Khalidovtyn arkhivinen

Fakhruddinov R. Kurbangali Khaliduly tarikhqa qyzmet etushi gharlymdarymyzdan [Kurbangali Khaliduly: One of Our Scholars Serving History] // Shuro, 1913. №6. 163 p.

Khalid Q. Tawarikhamsa (Bes tarikh). [Tawarikh Hamsa (Five Histories)] / Aud. B. Tötenaev, A. Zholdasov. Almaty: Kazakhstan, 1992. 304 p.

Khalid Q. Tawarikhamsa: bes tarikh.[Tawarikh Hamsa (Five Histories)]/ Aud. Khafiz Sattar Salikh, Qyzyrkeldi Äbdirakhmanuly. Beijing, 2014. 470 p.

Khalidi Q. «Tawrikhi-i khamasa-i sharqi» – shyghystyn bes elinyn tarikhy: birinshi kitap. [“Tawrikhi-i Khamasa-i Sharqi” – History of Five Eastern Nations: The First Book]. Astana: QR Ulıtyq akademiyaıyq kitapkhanasynyn baspa-redaktsiya ortalygy, 2019. 326 p.

Khaliduly Q. Tawarikh-i khamasa-i sharqi. Qazan: Örneq, 1910. 798 p.

Мадияр Елеуов¹, Архад Молдахмет²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Алматы қ.,
e-mail: madiareleyov@mail.ru

²Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Қазақстан Астана қ.,
e-mail: arhadkz@mail.ru

**СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІНІҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫНДАҒЫ
АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНІҢ ҚАЛАЛАРЫ:
ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР БОЙЫНША**

Аңдатпа. Сырдың төменгі ағысында Алтын Орда дәуірі кезінде жүздеген қалалар, елді мекендер, керуен сарайлар болған, олардың қалдықтары қазіргі таңда белгісіз төбелерге айналған. Өз уақытында өзінің даналығы мен даралығымен күллі дүниеге әйгілі болған, жиһангездер мен саудагерлерді таң қалдырған, біршама оқиғалардың куәгері болған қалалар, жойқын соғыстардың әсерінен, таққа талас және өзара қырқсулардың нәтижесінде, басқада сыртқы факторлардың қысымынан қирап бұзылған бұл ескерткіштер тарихымыздың баға жетпес қазынасы болып табылады. Осы жәдігерлерімізге қатысты құнды мәліметтер халқымыздың төл фольклорлық деректерінде сақталған.

Алтын Орда заманында Еуразия континетін мекендеген жартылай көшпелі және отырықшы халықтардың мәдениетінде, дүниетанымында таңғажайып оқиғалар мен ерекше тұлғарға байланысты халық жадында сақталған фольклорлық деректер орасан көп. Бұл деректер сан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мәдени толығу, кемелдену, қайта жаңғыру, толысу, жетілу, көркемделу нәтижесінде осын күнге дейін тарихи шынайылығын сақтаған. Ауыз әдебиетте кездесетін бұл деректердің тұспалды орындары ел арасында арулап, қастерлеп, қадірленіп қорғалған. Олардың кейбірі тілсіз тарихтан сыр шертетін төбелер, елді мекендер күйінде сақталса, енді бірі алыстан мұнартақан, көрер көзге шағлысатын күмбезді, ашық кесенелер түрінде сақталған. Өуелгі келбеті қаншалықты өзгеріске ұшыраса да, тағылымы мен өнегесі халық санасына тәрбиелілік, тәжірибиелілік сабақ ретінде жадталған. Тап осындай тарихи орындар шоғырын біз Алтын Орда дәуіріндегі Сырдарияның төменгі ағысындағы ескерткіштерден кездестіре аламыз.

Кілт сөздер: Эпос, аңыз, Алтын Орда, Сырдарияның төменгі ағысы, ортағасырлық қалалар, жазбаша дерктер.

Ризашылық: Мақала ҚР БҒМ Ғылыми комитетінің қаржыландырумен ЖТН АР19676962 «Қарашық өңірінің ежелгі және ортағасырлық қалалары» тақырыбы шеңберінде орындалады.

Сілтеме үшін: Елеуов М., Молдахмет А. Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы алтын орда дәуірінің қалалары: фольклорлық және жазба деректер бойынша // Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 184. No 4. 15-22 бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-4-4-15>

Madiar Yeleuov ¹, Arhad Moldakhmet²

¹al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
e-mail: madiareleyov@mail.ru

²National Museum of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan Astana,
e-mail: arhadkz@mail.ru

**Cities of the Golden horde in the lower reaches of the Syrdarya river:
according to folklore and written sources**

Annotation. In the lower reaches of the Syrya River during the Golden Horde era, there were hundreds of cities, settlements, and caravan palaces, the remains of which have now turned into unknown hills. Cities that became famous all over the world for their wisdom and individuality, amazed jihadists and merchants, witnessed some events, destroyed under the influence of devastating wars, as a result of the struggle for the throne and mutual strife, under the pressure of other external factors, these monuments are priceless treasures of our history. Valuable information about these exhibits is stored in the folklore sources of our people.

In the culture and worldview of the semi-nomadic and sedentary peoples who inhabited the Eurasian continent during the Golden Horde, a huge amount of folklore data has been preserved, stored in the memory of the people in connection with amazing events and unusual personalities. For centuries, these data have maintained historical authenticity from generation to generation as a result of cultural

replenishment, perfection, rebirth, creation, perfection, and artistry. The places where these sources are found in oral literature are protected, revered and revered between countries. Some of them have been preserved in the form of hills and settlements reflecting pagan history, while others are in the form of domed, open mausoleums that from afar resemble munartakan, the watchful eye. No matter how the appearance changed, the lessons and mores were perceived by the popular consciousness as educational, practical lessons. It is with such a cluster of historical sites that we can find monuments in the lower reaches of the Syr Darya of the Golden Horde era.

Keywords: Epic, legend, Golden Horde, lower reaches of the Syr Darya, medieval cities, written derketer.

Acknowledgment: The article was prepared within the framework of the project AP19676962 "Ancient and medieval cities of the Karashyk region," funded by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Science Committee.

For citation: Yeleuov M., Moldakhmet A. Cities of the Golden horde in the lower reaches of the Syrdarya river: according to folklore and written sources // Electronic scientific journal " Kazakh history". 2024. Vol. 184. No. 4. Pp. 15-22 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-4-4-15>

Кіріспе

Жұртымыздың сан ғасырлық бай фольклорына тарихи дерек ретінде көңіл аударып, оны жинап, жазып алумен алғашқы болып айналысқан ғалым Ш.Ш. Уәлиханов болды, ол халық поэзиясы туралы былай деген болатын «... халықтың өткен тарихы мен рухани өмірін бейнелеп белгілі тарихи мағлұматтарды толықтыруға және оның шығу себебін анықтауға бізге мүмкіндік береді» (Валиханов, 1961:391). Ш. Уәлиханов зерттеушілердің ішінде бірінші болып тарихқа қатысты әңгімелерді «тарихи аңыздар» деп атап, аңыздардың тарихи оқиғалар мен адамдар жайында болатынын көрсетіп, тарихи оқиғаларды ертегімен жырдан бөліп алған болатын (Валиханов, 1961: 220-227).

Еліміздің тарихындағы аса маңызды оқиғаларға байланысты шыққан аңыздар мен батырлық жырлар көп ғасырлардан бері халқымыз бен бірге жасап келе жатқан рухани қазынамыз, олар халық жадында сақталып ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған ең асыл мұраларымыздың бірі. Қазақтың ауыз әдебиетінің бай мұрасын жинап, зерттеуге сүбелі үлес қосқан зерттеушілердің көшбасында В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ә.А.Диваев тұрды (Ел қазынасы ескі сөз, 1994: 616; Потанин, 1917: 47-71; Казахский фольклор в собрании, 1972; Қазақтың халық творчествасы, 1989:416).

Материалдар мен зерттеу әдістері

Жекелеген ортағасырлық қаланы зерттеуде аймақтық және тақырыптық қамтылуын ескере отырып, этноархеологиялық (бақылау, сұхбат) сияқты дәстүрлі әдістермен бірге ауызша дерек жинау әдістерін назарға алдық. Диссертациялық

жұмыстың өзекті сұрақтарына жауап табу барысында айғақты ғылыми мазмұндағы фактілерді ұсыну арқылы археология ғылымында көпшілік мақұлдаған тарихи-салыстырмалы талдау және оны бірізділік жүйеде жинақтау қағидаттары басшылыққа алынды. Бұл зерттеу аумағын тұтас құрылым ретінде қарастыра отырып, теориялық сұрақтарға жауап табуға жол ашады.

Талқылау

Аңыз – халқымыздың жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтылып келген тарихы. Әдетте аңыздарда жұрттың басындағы ең басты оқиғалар, тарихи тұлғалар, көне қалалар және жер – су аттарына қатысты құнды деркелер беріледі. Қазақ аңыздарының ертегіден ерекшелігі туралы М. Әуезов былай дейді: «Қазақ аңыздарының ертегіден ерекшелігі сол – барлығында тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме болып келеді» (Әуезов, 1962: 416). Аңыздар туралы арнайы зерттеулерді М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, С. Қасқабасов еңбектерінде талдап көрсетіп (Әуезов, 1962: 55; Марғұлан, 1985: 368; Қоңыратбаев 1991; Қасқабасов, 2009: 28-45; Қазақ әдебиетінің тарихы, 2008: 13) әртүрлі пікір айтады, мәселен, М. Әуезов аңыздарды тарихи адамдар жайындағы және күй аңыздары деп бөледі (Әуезов, 1962: 55), С. Қасқабасов оларды тарихи және топономикалық деп екіге бөлген ([Қасқабасов, 1984: 124-150), Ә. Қоңыратбаев тарихи аңыздарды қалааңыздары және далааңыздары деп екіге жіктейді (Қоңыратбаев, 1991: 74-96). Біз аңыздардың тарихи болатындығын басшылыққа ала отырып және қазақ жеріндегі ежелгі қалалар мен мекендер туралы аңыздардың әрі тарихқа, әрі белгілі бір жерге (мекенге) қатысты

болатынын ескере отырып тарихи мекендік (тарихи-топономикалық) аңыздар деп атадық.

Сырдария өзенінің төменгі ағысында ортағасырлық даналар мен дара тұлғалар туралы бірқатар аңыздар сақталған. Қорқыт ата (Турсунов, 2001: 168); Қызылорда обылысының тарихы, 2013: 49-56), Оғыз хан (Сыр өңірі тарихы, 1998: 31-33), Асанас әулие, Қожан әулие [Қазақстанның өңірлік қасиетті орындары, 2017, 304 б, 321б], Оқыш ата, Қыш ата, Есабыз (Әшімұлы, 2000: 79-8) туралы аңыздарды зерттеушілер жазғанын және олардың жекелей адамдарға қастыты бағытталғанын ескере отырып, оларды тағыда қайталап жатуды жөн көрмедік. Сондықтан қала мәдениет және оның гүлденіп дауын бейнелейтін халық аузында сақталған (Жанкент, Жент, Баршынкент) аңыздарға құлақ түрейік.

Жанкент аңызы. Аңыз былайша сыр шертеді: «Бұл күндері төбеге айналған Жанкент қаласы бір замандарда гүлденген шаһар болыпты. Оның Санжар атты патшасы болыпты. Ол аң аулап, сейіл құрғанды жақсы көреді екен. Сөйтіп жүріп Созақтың маңайында өмір сүрген Қарабура әулиенің қызы Бегімге үйленеді.

Бегім жаратылысынан ақылына көркі сай, парасаты мол қыз болыпты. Санжарды табындырған да оның осындай санқырлы қасиеттері болса керек. Үйленгеннен кейін Санжар бұрынғы әдетімен нөкерлерін ертіп аңға шығады. Дарияға келіп, ыспа қайықпен өтерде қанжарын үйге қалдырғаны есіне түсіп, құлын шұғыл үйіне жұмсайды.

- Ханым, ханның қанжарын тез алып беріңіз, кідіруге мүрсат жоқ,- дейді ол үй сыртынан. Ханым жабықтан қанжарды ұсынғанда оның мүсіндей аппақ білегін көріп, құл сол жерде талып қалады. Бегім мұны білмейді. Біраздан соң есін жиған құл атына міне салып дарияға қайта шабады. Келсе, хан қаһарына мініп, түтігіп тұр екен.

- Тақсыр, қасық қанымды қия көріңіз. Менің кешіккен себебім ханымға қатысты еді, қанжарды жабықтан беріп тұрып, оны алайын деп қолымды ұсына бергенімде білегімнен ұстап жібермеді. Содан қолымды босата алмай кешігу себебім осы,- деп өтірік айтады. Құдайдан безген имансыз жанның бұл сөзіне сенген Санжар хан сапарын тоқтатып, кейін қайтады. Істің ақ-қарасын тексермей, күнәсіз Бегім сұлудың оң қолын, оң бұрымын кесіп, оң танауын тіледі де, зынданға тастайды. Оң қолын кескені арамдықты оң қолымен істеді деген ойы болса керек. Істің мәнісіне түсінбей әрі жазықсыз зәбір көріп зарлаған ару көрер таңды көзімен атырады.

Мұны сарайдағылар түгел білсе де ешқайқайсысы араша түсе алмайды. Келесі күні түнде Қарабура әулие қызының түсіне кіріп былай дейді:

- Балам, бұлтартпай шыныңды айтшы, ақпысың әлде қарамысың? Ақ болсаң, Аллаһ жәрдем беріп, жаранды жазар, қара болсаң, қарғар. Тек турасын айт!

Сонда Бегім жылап тұрып әкесіне:

- Атажан, құдай атымен сіздің алдыңызда ант етемін. Егер Санжарға қиянат жасасам, тәңірі атсын, өмірімді қысқартсын. Ақпын, ата!- деп зар еңіреді. Осыдан кейін Қарабура Санжардың түсіне енеді.

- Сен де бір балам едің. Егер менің қызым арам болып саған қиянат істесе, келесі күні сол қолы, сол бұрымы кесілген күйде мүгедек болып қалсын. Егер күнәсіз болса, қызымның ақ пен қарасын тексермей жаза қолданғаныңда бір ауыз әділ сөзін айтпаған шаһарыңда тірі адам қалдырмай жылан жұтсын!- деп қарғайды. Осы түсті көрген соң Санжар қатты шошынып, күні бойы ойланады. Үшінші күні таң атқан соң хан зынданға адам жібереді.

- Тез барып көріп кел. Ханым не күйде екен жатыр екен?- деп тапсырады. Жіберген адамы зынданға барса, Бегім баяғы сау қалпында отыр екен дейді. Әлгі адам көргенін ханға келіп айтады. Содан бастап ханды үрей билейді. Кеш болады. Хан кеңесшілерімен отырғанда іңір уақытында аспаннан бір мес шаһардың ортасына түсіп жарылады. Местің іші тола жылан екен. Жылан сыртқа тірі жанды шығармай, шағып өлтіреді. Тіпті Жанкентке қашып шығып Бұхараға кеткен тұрғынды да көшпен ілесіп, серкенің мүйізіне оратылып барған жылан шағып өлтірген екен» дейді. Осылайша гүлденген Жанкент шаһары Санжар сияқты қатыгез ханның кесірінен қас пен көздің арасында опат болады.

Бұл аңыз болса да аңыздың түбінде ақиқаттың бары рас. Жергілікті халық ордалы жыландар деп атаған жыландар тобы кешеге дейін Жанкенттің бұзылған іргесінде бытысып жатады екен.

Ал Бегім сұлу болса, шаһар опат болып, халқы түгел қырылған соң әкесі Қарабура өз әулиенің көмегімен елден жырақ жай салдырып, қалған жұмбақ ғұмырын сол мұнараның ішінде өткізген. Ата-бабасының қасиеті дарып, Бегім Ана атанып, жәрдем сұрап барған әйел затына бала беретін, мейір-шапағатына бөлейтін керемет әулие ретінде жалпақ жұртқа мәлім болады (Қызылорда облысының тарихы, 2013: 75-76).

Сонымен, Сырдарияның төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуіріндегі қалалар туралы халық жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа талай ғасырлардан бері ауызекі беріліп келе жатқан тарихи-мекендік аңыздар Ш. Уәлихановтың сөзімен айтқанда: «халықтың өткен тарихы мен рухани өмірін бейнелеп белгілі тарихи мағлұматтарды толықтыруға және оның шығу себебін бізге анықтауға мүмкіндік береді» (Валиханов, 1961:391).

Сыр бойындағы атақты Жанкент туралы аңыз осылай аяқталады. Бегім Ана мұнарасы бұл күндері Арал ауданы территориясында сақталса, оның әкесі Қарабура әулиенің кесенесі Созақ өңірінде орналасқан.

Қышқала туралы аңыз. Қышқала туралы бірнеше аңызды 2018 жылы осы қалада зерттеу жүргізген Тұран археологиялық экспедициясының жетекшісі, профессор М. Елеуов Қоғалыкөл ауылының қарияларынан жазып алған болатын. Бір аңызда былай делінген: «Ертеде Сырдың бойында көптеген гүлденіп тұрған қалалар болыпты. Оларды кезінде Жошы әскері қиратыпты. Сол қалалардың бірі біздің Қышқала екекен (бұл жерде Баршынкент сөз болып отыр – М.Е.). Жошы өзінің елшілерін жіберіп қышқалалықтардан соғыспай берілуді талап етіпті. Ержүрек қышқалалықтар қаланы беруден бас тартқанын естігін Жошы қатты ашуланыпты. Жан-жағынан сырдың ескі өзектері қоршап жатқан, аралда тұрған қаланы басып алудың жолын ойластырыпты. Өзінің әскербасыларымен ақылдаса келіп бұл қаланы тек суға бастырып алу керек деген шешімге тоқтапты. Сөйтіп қаланың шетінен ағып жатқан ескі өзекті бітеп, қаланы суға бастырып алған екен.....»

Екінші аңыз. «Жошы сырдың бойындағы Асанас, Қышқала, Жентті жаулап алуға келе жатқанда оларға хабар жіберіп өз еріктерімен берілуді талап етіпті. Бірақ бұл қалалар берілуден бас тартқаннан кейін, өзінің мыңдаған қолымен әуелі Аснасты сосын Қышқаланы, Жентті күшпен жаулап алыпты. Әсіресе ол Баршынкентті жаулап алар кезде қалаға тікелей шабуыл жасамай оны су бастырып алуды ойластырыпты. Сөйтіп қаланы қоршап жатқан ескі өзектердің бірін жауып қаланы суға бастырыпты. Судан қашқан қала тұрғындарын аяусыз қырған екен айлаға көшіп

Аңыздарға сүйенсек ортағасырлық Қышқала ғылым мен білімінің, діннің ошағы іспеттес. Ал археологиялық қазба жұмыстары барысында кедескен сегіз қырлы медресе (Елеуов, Есенов,

2020: 65-72), кесене (Таллев, Елеуов, Есенов, 2018: 259-271) және үйінді асты жерлеу орындары (Қызылорда облысы Сырдария ауданындағы, 2019: 83) аталған аңыздардың шындыққа жанасатынын дәлелдей түседі.

Батырлар жсыры – еліміздің ауыз әдебиетіндегі аса бай салаларының бірі. Батырлар жырының бастауы жерімізде мекен еткен ертедегі ру тайпалар мен тайпалық одақтардың ауыз әдебиетінде екінің ескерсек жырлардың пайда болған кезін (уақытын) анықтау күрделі мәселе. Дегенмен жырда аталатын: маңызды оқиғалардың тарихи негізі барлығын; қалалар мен жер-су аттарының күні бүгінге дейін сақталғандығын, содай-ақ батырдың шынайы тарихи тұлға екендігін ескере отырып бұл жырларды дерек ретінде пайдалануға болады. Батырлар жырына көңіл аударып, оларды зерттеуге мән берген ғалым Ш. Уәлиханов болды (Валиханов, 1961: 391), ол қырғыздық «Манас» эпосы туралы былай жазды: «Манас-бір кезеңге және бір адамның-Манас батыр төңірегіне топтастырылған барша халық ертегілерінің, хикаялары мен аңыздарының, жағрафия, дін және салттық жоралғы, әдет-ғұрып жөнінде түсініктердің энциклопедиялық жинағы» (Валиханов, 2012: 356).

М. Әуезов батырлар жырын зерттей келіп: «Қазақ халықының эпосында батырлар жыры ең бір мол сала, » – деп жазды (Әуезов, 1969: 234-235).

Ә. Марғұлан өзінің зерттеулерінде батырлар жырының кейбір құпия жақтарын ашумен қатар оларға тарихи дерек ретінде қарап, қазақ эпосын алты тарихи дәуірге бөліп қарастырыған (Марғұлан, 1946: 75-81). Ал Ә. Қоңыратбаев қазақ эпосын тегі мен жанры жағынан онсалаға бөледі (Қоңыратбаев, 1991: 133), С. Қасқабасов болса эпосты «Ғашықтық жыр, тарихи жыр және балладалық жыр» – деп үш түрге бөлген (Қасқабасов, 2009: 214-293). Бізде эпосты жанрды бөлуде ғалым Қасқабасовтың пікірімен толықтай келісеміз.

Сырдарияның төменгі ағысында бірқатар тарихи жырлар Алпамыс батыр, Қобыланды батыр, Едіге батыр, Қарабек батыр, Қамбар батыр, Көрғұлы, Орақ Мамай, Ер Тарғын (Бабалар сөзі, 2012: 392) сақталған. Бұл батырлық жанрдағы эпостар өз кезегінде Оғыз-Қыпшақ, Алтын Орда, Қазақ хандығы тұсындағы жырлар деп бөлінеді (Бабалар сөзі, 2012: 483). Біз қарастырып отырған Сырдың төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың атуалары Алпамыс батыр, Қобыланды батыр жырларында кездеседі.

Нәтижелер

Алпамыс батыр жыры – қазақ халқының батырлар жырының ішіндегі ең көнесі. Жыр дәл қазіргідей классикалық бүтіндікке ғасырлар бойында жетілу, толығы арқасында жеткен. Жырда көрсетілген жер, мекен, адам аттары, елдің шаруашылық кәсіптері, салт-ғұрыптары эпостың қазақ халқының төл туындысы екендігін дәлелдейді.

Алпамыс батыр жыры баспа жүзін алғаш рет 1899 жылы («Қисса-и-Алпамыш», Қазан) көрген. Қазан төңкерісіне дейін бұл жыр 7 рет қайталанып басылып шыққан. Жырдың ел арасындағы түрлі нұсқаларын іздеп тауып, хатқа түсіріп, орысша мазмұнда бастырған – атақты фольклоршы Ә. Диваев болды. Ол бұл жырдың бір нұсқасын Ж. Бермұхамедовтен, тағы бірер нұсқасын Е. Ақылбековтың қолжазбасынан алған (Қазақстан, 1998: 297). Ал енді жырдың мәтініне тоқталайық. Жырда зәулім қаланың ойырандалғаны туарлы:

...Айқай сүрен салады
Күркіреген даусы
Күншілік жерді алады.
Қаланың аузын қан қылды
Қақпаның аузын шаң қылды.. –

деп ([Бабалар сөзі, 2012:460) онда қырық қақпалы қала болғандығы жайлы баяндалады (Алпамыс батыр, 1977: 208-223). Сонымен қатар жырда Алпамыс және оның жары Гүлбаршын тақырыптары сөз болады:

..... Сарыбай деген бай еді
Жалғыз туған Гүлбаршын
Он бесте туған ай еді.
Жасыннан саған айттырған
Гүлбаршың сұлу жар еді (Бабалар сөзі, 2012: 81).

Ғалымдар жырда аты аталған Гүлбаршын сұлу мен моңғолдар күйретен ортағасырлық Баршынкент қаласының өзара тарихи тұрғыдан байланыстылығы жайлы әр түрлі пікірлер айтқан (Жирмунский, 1951: 93-102; Қазақ совет энциклопедиясы, 1972: 176; Қоңыратбаев, 1991: 170; Дербісәлі, 1995: 111). Осы деректер негізінде қаланың орны ортағасырлық Қышқала деп археолог ғалымдар тарапынан айтылып (Жолдасбайұлы, 1996: 13, 101; Мәмиев, 2004: 14-27; Байпаков, 2007: 35-61), қазіргі таңда Тұран археологиялық экспедициясы жетекшісі

профессор М. Елеуов Қышқалада кең көлемде зерттеу жұмыстарын жүргізуде (Елеуов, Есенов, 2020: 65-72; Таллев, Елеуов, Есенов, 2018: 259-271).

Енді тарихи дерек ретінде пайдаланып отырған «Қобланды батыр» жырының шыққан уақыты туралы пікірлерге тоқталып көрелік. Ә. Қоңыратбаев «Қобыланды батыр» жырының 29 нұсқасы барын, оның әуелгі де тайпалар арасындағы эпос жанрында туғанын, одан әрі қарай дамып, кемелденіп бүкіл халықтық жырға айналғанын көрсете келіп, жырдың батырлық көрінісін тарихи желісіне қарай беске бөлген: пешене, оғыз-пешене, ноғайлы, өбек – қазақ және жоңғар соғысы дәурлері. Ғалым жырдағы Қазан оқиғасының уақытын Сырдың төменгі ағысындағы VII-XI ғасырлардағы оғыз – қыпшақтардың ыдырау кезінде туған дейді (Қоңыратбаев, 1991:175). Енді осы Қазан оқиғасы кезіндегі жырға тоқталсақ. Жырда Сырлы қала, Қырлы қаланың аттары аталып, былайша сипатталады:

Қазанның қырлы қаласын
Аламын десе ала алмас,
Алты қабат орнынан
Қорғытып ішке ене алмас
Қақпаның аузын аша алмас –

десе (Қобыланды, 1986: 47), ал Сырлы қала туралы:

Сырлы қала дейтін қаласы
Қорғансыз сырты ашық-ты –

2003:308]. There is still no consensus among Kazakh historians and demographers on the number of Kazakhs who suffered from the famine. According to R. Conquest, 1 million people died between 1931 and 1933 [Conquest, 1988:456]. In 1989, Kozybaev and Tatimov calculated that 1 million 750 thousand people died, then about 2 million 20 thousand people died and about 616 thousand people became permanent migrants, then about 2.5 million people died and about 616 thousand people became permanent migrants (a total of 3 million 116 thousand people) [Tatimov, 1989:124].

Conclusion

The policy of dekulakization in Kazakhstan and Kyrgyzstan, although carried out within the framework of a single Soviet program, had its own characteristics associated with differences in the economic structure, demographic situation and national traditions. A comparative analysis of the policy of dekulakization in Kazakhstan and Kyrgyzstan demonstrates its destructive impact on traditional economic structures, social structures and ethnocultural

characteristics of the two republics. Kazakhstan suffered the most severe consequences associated with the forced sedentarization of nomads, the destruction of cattle breeding, mass famine and mortality. At the same time, the territory of Kazakhstan was defined as a “kulak exile” for tens of thousands of peasants from other regions of the country (more than 180 thousand people). It should be noted that Kyrgyzstan also experienced famine in some areas of the republic.

Dekulakization also had a devastating impact on the cultural traditions of the Kyrgyz and Kazakh people. The violent destruction of tribal ties, the confiscation of property and resettlement undermined established social institutions. Collectivization and sedentarization were accompanied by the destruction of many elements of traditional culture, including farming customs and inter-community interactions. Thus, both regions experienced profound demographic changes and cultural transformations that led to severe consequences. Further research in this area can contribute to a better understanding of the mechanisms of society’s adaptation to large-scale social upheavals.

References

- Abylkhozhin ZH.B. Ocherki sotsialno-ekonomicheskoy istorii Kazakhstana. XX vek [Essays on the socio-economic history of Kazakhstan. XX century] – Almaty: Turan, 1997. – 360 s. (in rus)
- Abdrakhmanov Yu. 1916. Dnevnik. Pisma k Stalinu [1916. Diaries. Letters to Stalin] / Avt. Vstup. st. Dzhunushaliyev Dzh., I.Ye.Semenov. – Frunze: Kyrgyzstan 1991. – 320 c. (in rus)
- Altymyshova Z.A. Sovet biyiginin Kyrgyzstandagy kulaktardy tap katary joyuu sayasatynyn ishke ashrylyshy (1920 – 30-zh.) [The implementation of the Soviet government’s policy of eliminating the kulaks as a class in Kyrgyzstan (1920-1930 years)] – Bishkek: KTMU 2024. – 220 b. (in kyr)
- Aralovets N.A. Demograficheskiye posledstviya sploshnoy kollektivizatsii i goloda 1932-1933 gg. [Demographic consequences of total collectivization and the famine of 1932-1933] // Naseleniye Rossii v XX veke: Ist. ocherki. Moskva: ROSSPEN 2001, T. 2. – s. 265-276. (in rus)
- Baktygulov Dzh. Iz istorii perekhoda Kirgizskogo krestyanstva k osedlosti sotsialisticheskim sposobam khozyaystvovaniya [From the history of the transition of the Kyrgyz peasantry to a settled socialist way of life] – Frunze: Kyrgyzstan 1971. – 112 s. (in rus)
- Baktygulov Dzh. Kollektivizatsiya kyrgyzskogo aila: novyy vzglyad [Collectivization of the Kyrgyz Ayil: A New Look] // Kommunist Kyrgyzstana, № 3, 1990. (in rus)
- Botonoyev ZH.S. Politika «raskulachivaniya» Sovetskoy vlasti: tragediya ili modernizatsiya? [The policy of “dekulakization” of the Soviet government: tragedy or modernization] // Vestnik Issyk-Kulskogo universiteta. – 2015. – №40. – c. 254-257 (in rus)
- Dakhshleyger G.F. Sotsialno-ekonomicheskkiye preobrazovaniya v aule i derevne Kazakhstana (1921-1929 gg.) [Social and economic transformations in the villages and auls of Kazakhstan (1921-1929)] – Alma-Ata: Nauka 1965. – 536 s. (in rus)
- Danilov V.P., Zelenin I.Ye. Organizovannyy golod. K 70-letiyu obshchekrestyanskoy tragedii [Organized Famine. On the 70th Anniversary of the All-Peasant Tragedy] // Otechestvennaya istoriya, 2004, № 5. – s. 97-111. (in rus)
- Ilyasov S. Kooperativno-kolkhoznoye stroitel'stvo v Kirgizii (1918-1929 gg.) [Cooperative and collective farm construction in Kyrgyzstan] – Frunze: Kirgizgosizdat 1959. – 152 s. (in rus)
- Ivnitskiy N.A. Golod 1932-1933 gg. v SSSR [Famine of 1932-1933. in the Soviet Union]. – Moskva: Sobraniye 2009. – 288 s. (in rus)
- Istoriya Kazakhstana s drevneyshikh vremen do nashikh dney [History of Kazakhstan from ancient times to the present day] / pod red. Drobzheva L.I. – Almaty: Daur 2003. – 425 s. (in rus)
- Istoriya Kazakhstana s drevneyshikh vremen do nashikh dney. V pyati tomakh. [History of Kazakhstan from ancient times to the present day. In five volumes.]. T. 4. – Almaty: Atamūra 2010. – 768 s. (in rus)

- Cameron S. Golodnaya step: golod, nasiliye i sozdaniye Sovetskogo Kazakhstana [Hungry Steppe: Hunger, Violence and the Creation of Soviet Kazakhstan]. Per. s angl. A. Tereshchenko. Moskva: NLO, 2020. – 360 s. (in rus)
- Kindler R. Stalinskiye kochevniki: vlasti golod v Kazakhstane [Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan]. / [per. s nem. L. YU. Pantinoy]. – Moskva: Politicheskaya entsiklopediya 2017. – 382 s. (in rus)
- Kozybaev M.K., Kozybaev I. M. Kazakhstan Tarikhy [History of Kazakhstan] – Almaty: “Rauan” 1997. – 224 b. (in kaz)
- Kondrashin V.V. Golod 1932-1933 godov: tragediya rossiyskoy derevni [The Famine of 1932-1933: The Tragedy of the Russian Village] – Moskva: Politicheskaya entsiklopediya 2018. – 566 s. (in rus)
- Conquest R. Zhatva skorbi. Sovetskaya kollektivizatsiya i terror golodom [Harvest of Sorrow. Soviet Collectivization and the Terror of Famine] – London: OPI 1988. – 621 p. (in rus)
- Kuzembaiuly A, Abil E. Istoria Respubliki Kazahstan: Uchebnyk dlya VUZov [History of the Republic of Kazakhstan: Textbook for Universities]. /4-e izd. pererab. i dop./ -Astana: IKF «Foliant», 1999 g. – s. 424. (in rus)
- Malabayev Dzh. Borba kirgizskoy partorganizatsii za ukrepleniye sovetov [The Struggle of the Kyrgyz Party Organization to Strengthen the Soviets]. – Frunze: Izdatel'stvo Akademii Nauk Kirgizskoy SSR 1962. – 74 s. (in rus)
- Malabayev Dzh. Ukrepleniye Sovetov Kirgizii v period stroitelstva sotsializma [Strengthening the Soviets of Kyrgyzstan during the construction of socialism]. – Frunze: Ilim 1969. – 491 s. (in rus)
- Omarbekov T. 20-30 jildardağı Qazaqstan qasireti [Tragedy of Kazakhstan in 20-30 years]. – Almaty: Sanat 1997. – 320 c. (in kaz)
- Ohayon I. La sédentarisation des Kazakhs dans URSS de Stalin. Collectivisation et chanement social (1928-1945). – Paris, 2006.
- Pianciola N. “The Collectivization Famine in Kazakhstan, 1931–1933”. Harvard Ukrainian Studies, Fall 2001, Vol. 25, No. 3/4 (Fall 2001), pp. 237-251.
- Protokoly zasedaniy Ispolbyuro №5-60 i materialy k nim [Protocols of meetings of the Executive Bureau No. 5-60 and materials for them.] TSGA PD KR, f.10, op.1, d. 205. (in rus)
- Tatimov M. Sotsialnaya obuslovennost' demograficheskikh protsessov [Social conditioning of demographic processes]. – Alma-Ata: Nauka 1989. – 124 s. (in rus)
- Tulepbayev B.A. Sotsialisticheskiye agrarnyye preobrazovaniya v Sredney Azii i Kazakhstane [Socialist agrarian reforms in Central Asia and Kazakhstan]. – Moskva: Nauka 1984. – 270 s. . (in rus)
- Tursunbayev A.B. Pobeda kolkhoznogo stroya v Kazakhstane [Victory of the collective farm system in Kazakhstan]. – Alma-Ata: Kazgosizdat 1957. – 326 s. (in rus)
- Chokushev B. Klassovaya bor'ba v Kirgizskikh ailakh v pervyye gody sotsialisticheskikh preobrazovaniy (1918-1932 gg.) – Frunze: Frunzenskaya gorodskaya tipografiya № 3 1970. – 172 s.
- Shamsutdinov R. Tragedia sredneaziatskogo kishlaka: kollektivizatsiya, raskulachivanie, ssylka. 1929- 1955 gg. Dokumenty i materialy. T. 1, 2. [Tragedy of the Central Asian village: collectivization, dispossession, exile. 1929-1955. Documents and materials.] – Tashkent, 2006. (in rus)
- Sheyshekeyeva G.M. Raskulachivaniye i demograficheskiye izmeneniya v sostave naseleniya Kyrgyzstana v 20-30-ye gg XX v. [Dispossession and demographic changes in the population of Kyrgyzstan in the 20-30s of the 20th century] // Izvestiya Vuzov № 5, 2009, s.64-66. (in rus)
- Zhakisheva S.A. Konfiskatsiya bayskikh khozaystv v Kazakhstane na rubezhe 20-30-kh gg. XX v. [Confiscation of rich farms in Kazakhstan at the turn of the 20-30s of the 20th century.] –Astana 2022. – 138 s. (in rus)

FTAMP 03.81.9

<https://doi.org/10.62183/2024-4-4-33>**Айсұлу Токашева**

Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, археология,
этнология және ұлттық тарих кафедрасының 2 курс докторанты,
Университетская көшесі, 28. Қарағанды қ., Қазақстан
e-mail: 25_ai_sulu.06@mail.ru

**1940 ЖӘНЕ 1950 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ
ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ
МАЗМҰНЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ТАРИХИ ТАЛДАУ**

Аңдатпа: Мақалада 1940 және 1950 жылдардың басындағы кезең Қазақстан ғылымының, әсіресе тарих саласының қарқынды дамуының маңызды кезеңі болды. Бұл уақыт соғыс жылдарынан кейінгі қоғамның идеологиялық және әлеуметтік-экономикалық қайта құрылуымен тығыз байланысты. Сол кезеңде жарық көрген ғылыми басылымдар тек тарихи фактілерді жүйелеумен ғана шектелмей, қоғамдағы идеялық ұстанымдарды насихаттау құралына айналды. Кеңестік биліктің идеологиялық талаптары ғылыми зерттеулердің тақырыптық бағытын анықтап, Қазақстан тарихына қатысты көптеген еңбектердің жарық көруіне ықпал етті. Осы басылымдарда ұлттық тарихтың революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдері, әлеуметтік-экономикалық қатынастар, қоғамдық қозғалыстар және халықтың тұрмыс жағдайы туралы мәселелер кеңінен қарастырылды. Бұл мақалада 1940 және 1950 жылдардың басындағы ғылыми басылымдардың тақырыптық екіпін мен олардың Қазақстан тарихы ғылымының дамуына қосқан маңызы қарастырылады. Сонымен қатар, осы еңбектердің мазмұны, идеялық ерекшеліктері және олардың тарихи сананы қалыптастырудағы рөлі талданады.

Түйін сөздер: Қазақстан тарихы, ғылыми басылымдар, тақырыптық екіпін, идеологиялық ықпал, кеңестік кезең, тарихи сана, әлеуметтік-экономикалық зерттеулер.

Сілтеме үшін: Токашева А. 1940 және 1950 жылдардың басындағы ғылыми басылымдардың тақырыптық мазмұны мен қызметіне тарихи талдау // Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 184. No 4. 33-38 бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-4-4-33>

Aisulu Tokasheva

PhD student of the second year of the Department of Archaeology,
Ethnology and National History, Faculty of History, Academician E. A. Buketov Karaganda University,
Universitetskaya street, 28. Karaganda, Kazakhstan. 25_ai_sulu.06@mail.ru

**The processes of development of historical science
in the post-war years**

Abstract: The article of 1941-1945 examines the trends and tendencies of the post-war history of Kazakhstan. Purpose and objectives. The main purpose of the research article is to compare the complex changes and trends in the development of the post-war history of Kazakhstan, a historiographical assessment of the research work of that time. To do this, an analysis of the main problems of the history of Kazakhstan in the 1950s was carried out, paying attention to the established trends and trends. Result. In the research article E. Bekmakhanov, A. Nusupbekov, S. B. Baishev, S. A. Neishtadt, B. N. Abisheva, M. H. Asylbekova, N. G. Pana, S. B. Nurmukhamedova, V. K. Savosko, R. B. Suleimenova, A. E.'s research is considered. Zhanova. In addition, Kazakh-Russian relations of the XVIII-XIX centuries, industrial history and social, social, and economic relations of the Republic were studied. Conclusion. The research article focuses on changes and complex turns in the history of Kazakhstan, and examines scientific directions.

Keywords: History of Kazakhstan, historiography, Soviet period, periodization, culture, science.

For citation: Tokasheva A. The processes of development of historical science in the post-war years // Electronic scientific journal "Kazakh history". 2024. Vol. 184. No. 4. Pp. 33-38 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-4-4-33>

Кіріспе

Соғыс жылдарынан кейінгі тарих ғылымының дамуы бірнеше бағыттан тұрды. Оның біріншісі, көне тарихи деректерді орыс тіліне аудару жинастыру жұмыстары болды. Ал екінші бөлігі революцияға дейінгі қазақ халқына байланысты жарияланған зерттеулердің топтастыру, оны зерделенді. Сол сияқты 1940–1950 жж. тарих ғылымының басты бөлігі ретінде кеңестік кезеңдегі әлеуметтік, экономикалық және қоғамдық қатынастар тарихына іргелі зерттеулер жүргізілді. Тұтас алғанда бұл зерттеу бағыттары Қазақстан тарихының кеңестік кезеңдегі даму үрдістерін мен бағыттарын айқындады. Бұл бағыттар арасында Қазақстан тарихын кезеңдеу мәселесін алға шығарды. Қазақстан тарихын кезеңдеу барысында тарихшылар арасында бірнеше ойталқылар туғызып, нәтижесінде «ҚазССР тарихы» басылымының жариялануына негіз болды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақалада көтерілген мәселелерді зерттеу барысында тарихилық, объективтілік және жүйелік принциптері басты назарға алынды. Бұл принциптер өткен тарихи құбылыстарды және оның дамуы мен өзгеруін тарихи байланыста жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. Мақаладағы арнайы ғылыми әдістердің ішінде ең алдымен тарихи әдістер қолданылды атап айтқанда тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық. Сонымен қоса, зерттеудің негізіне эвакуация кезеңіндегі ғалымдардың өмірі мен қызметін көрсететін нормативтік актілер, әртүрлі мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың іс жүргізу құжаттарын ұсынатын мұрағаттық материалдар қолданылды.

Талдау

Эвакуация кезеңінде КСРО ҒА ғылыми мекемелері мен Қазақстандағы жоғары оқу орындары атты Абсеметов М.О. мақаласында КСРО-ның шығыс аймақтарына жоспарлы эвакуация жүргізу үшін Жоғары Мектеп істері жөніндегі Бүкілодақтық комитеттің төрағасы Профессор С.В. Кафтанов үкіметтен ғылыми институттар мен жоғары оқу орындарын эвакуациялау жөніндегі уәкіл болып тағайындалды. КСРО Ғылым Академиясында бұл функциялар оның вице-президенті О.Ю. Шмидтке жүктелді. Шектеулі мерзімде ғылыми мекемелерді эвакуациялаудың

кезеңдік жоспары әзірленді: 1) 1941 жылғы шілде-тамыз; 2) 1941 жылғы қазан-қараша; 3) 1942 жылғы ақпан-шілде. Атап айтқанда, Қазақстанға ғылыми мекемелерді жаппай эвакуациялау үшінші кезеңде жүзеге асырылды. Осы кезеңде Ленинград блокадасы күшейе түсті. Эвакуациялау жоспарын жүргізуді үйлестіру мақсатында әр республикада тиісті рәсімдерді жүргізу үшін талап етілетін нормативтік құжаттар қабылданғаны атап қосеткен осы тұстан сол кезеңдегі өзгерістердің жоспарлы түрде жүргізілгендігін көрсетеді (Абсеметов, 2015). Сол сияқты тарих ғылымы үшін институт жұмысының алғашқы жылдары ғылыми күштерді жинап оны шоғырландыру, кәсіби тарихшы-ғалымдардың қалыптасу жылдары болды. Институт алғаш ашылғанда тек үш сектор және бес ғылыми қызметкер болса, олардың үшеуі (А.Х. Марғұлан, Б.С. Сүлейменов, Х. Г. Айдарова) тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болса, 1946 жылдың аяғында 37 ғылыми қызметкердің дәрежесі болды. Институт басшысы ретінде С.В. Юшков ғалымдар ұжымын біріктіруде, ғылыми кадрларды даярлауда, ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын анықтауда маңызды рөл атқарды.

Соғыстан кейін Қазақстан тарихы ғылымында күрделі өзгерістер орын ала бастады. Оның негізгі бағыттарын атап өтетін, болсақ, біріншіден, ҚазССР Ғылым академиясының құрылуымен байланысты болды. Бұл тарих ғылымының жаңа бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді. Мысалы, 1946 жылы 1 шілдеде құрылған Ғылым академиясының құрамында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, этнография және археология институты болды. Институт Қазақстан тарихының көптеген өзекті мәселелерін қамтитын басылымдарды шығара бастады. Мұны ең алдымен «Известия Академии наук Каз ССР. Серия историческая, археологическая и этнографическая», «Вестник АН Каз ССР» деп аталатын басылымдардың жұмысынан байқауға болатын (Известия Академии Наук Казахской ССР, 1960). Сол сияқты «Исторические записки» ғылыми жинақ жарияланып тұрды.

1940–1950 жж. кеңестік кезеңдегі тарихшылар Қазақстандағы шаруашылық және қоғамдық өзгерістерді назардан тыс қалдырмады. Бұл формациялық өзгерістер нәтижесіндегі өзгерістерді «Қазақ ССР тарихы» зерттеу еңбегіндегі кезеңдеу мәселелерінен байқауға болады (История Казахской ССР, 1949). Мұнда Қазан төңкерісіне дейінгі тарихшылардың кезеңдеу

мәселелерін қайта қарап оны өзгертуді ұсынды. Алайда Қазақстан тарихын дәуірлеу мәселесі толық шешімін таппады. Оны 1947 жылы ҚазССР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография Институтының бірінші ғылыми сессиясындағы талас-тартысты пікірлерден байқауға болады. Бұл С.В. Юшков, Е. Бекмаханов, А.Якунин сынды ғалымдардың ұстанымдарындағы қайшылықтардан көрініс тапты. Мысалы, Е. Бекмаханов 1947 жылғы «Қазақ ССР тарихы» басылымындағы дәуірлерге бөлуді сынай келе, әлеуметтік-экономикалық формацияларды негізге алуды жөн санады (История Казахской ССР, 1949). Автор Қазан төңкерісіне дейінгі тарихты негізінен алты кезеңге бөліп қарастырды. Е. Бекмахановтың кезеңдеу мәселесіндегі ұстанымдарына А.Якунин қарсы шығып, оны өз тарапынан сынға алды.

Қазақстан тарихын кезеңдеу мәселесі «Қазақ ССР тарихының» 1949 жылғы екінші басылымында жалғасын тапты (История Казахской ССР, 1949). Мұнда алғашқы қауымдық құрылыс бөлек кезең ретінде беріліп, екінші кезеңді – түрік қағанаты кезеңі жатқызылды. Ал үшінші кезеңге – ертедегі феодалдық мемлекеттер жатқызылды. Бұл мемлекеттер құрамына қыпшақтар мен қараханидтер кірді. Төртінші кезеңді – моңғол басқыншылығы кезеңі деп аталды. Бесінші кезең болса қазақ халқы мен қазақ хандығының құрылуы кезеңі қамтылды. Соңғы алтыншы кезеңді – Қазақ хандығының бөліну мерзімі байланыстырылды.

Осы уақытта Қазақстан тарихының тек кезеңделу мәселесі емес сонымен қатар, қазақ тарихының өзекті мәселелеріне арналған зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Мұндай еңбектердің басында Е. Бекмахановтың «Присоединение Казахстана к России» атты монографиясы жарыққа шықты (Бекмаханов, 1987). Зерттеу жұмысында Қазақстанның Ресейге қосылуы мәселесі жан-жақты қарастырылған. Мұнда Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылу салдарына аса мән берілді. Е. Бекмаханов өз еңбегінде қазақ халқының Ресейге қосылу кезеңін XVIII ғасырдың 30 жылдарынан бастап, XIX ғасырдың екінші жартысына дейін созылғандығын баяндайды. Сонымен қатар, Кіші жүз және Орта жүз қазақтарының Ресейге қосылуы салдарының бір бөлігі ретінде орыстармен мәдени жақындасуды, соның негізінде Ұлы жүз қазақтарының Ресейге толық қосылғанын атап өтеді. Тұтас алғанда Е.Бекмаханов өз зерттеу жұмысында Қазақстанның Ресейге қосылу жағдайын

сол кездегі тарих ғылымының ұстанымдарына сәйкес оң қырынан бағалап өтті. Десе де ғалымның бұл еңбегі де сынға ұшырады (Бекмаханов 1987).

Нәтижелер

Соғыстан кейінгі Қазақстан тарихы ғылымы тек қана іргелі зерттеулер ғана емес, сонымен қатар деректер базасын жинастыру, XIX ғасыр мен революцияға дейінгі авторлардың зерттеу жұмыстарына талдау жүргізу жұмыстарымен де ерекшеленді. Мұндай бағыттың бастау алғанын 1950 жыладыр Ш.Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсариннің еңбектері жарыққа шыға бастады. Мысалы, Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметіне, оның зерттеу жұмысына арналған, қазақ этнографиясына қатысты зерттеулер жүргізіліп, таңдамалы жинақтары құрастырылды (Валиханов 1958). Ал Ыбырай Алтынсариннің XIX ғасырдағы қазақ отбасына қатысты жазған зерттеу мақаласы дәстүрлі қазақ отбасы институтын зерттеудің басты дерегі ретінде саналды (Алтынсарин, 1975). Осы зерттеу бағыттарында ізденістерді Ә. Марғұлан ұйымдастырып, Мәскеу, Орынбор, Омбы, Қазан, Семей қалаларының архивтерінде тың деректерді жинау жұмыстарымен айналысты (Марғұлан 1986). Бұл зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1961–1972 жылдары Ш. Уәлихановтың таңдамалы жинағының бес томдығы жарық көрді (Валиханов 1964).

Соғыстан кейінгі Қазақстан тарих ғылымының ең маңызды бөлігі құжаттар мен деректер жинағын құрастыру жұмыстарына арналды. Мысалы, 1961 жылы «Казахско-русские отношения в XVII–XVIII веках (Сборник документов и материалов)» (Казахско-русское отношение, 1961), 1969 жылы «Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений)» атты құжаттар жинағы жарық көрді (Материалы по истории Казахских ханств, 1969). Алғашқы жинақ XVII–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары, қазақ хандарының Ресеймен елшілік, сауда байланыстарын орнатуына байланысты құжаттарды және т.б. материалдарды қамтыды. Келесі материалдар жинағы XV–XVIII ғғ. қазақ халқының тарихын зерттеуде арналған маңызды деректер тобын құрады. Бұл жинаққа түрік, парсы тілдеріндегі деректер орыс тіліне аударылып берілді.

1960–1970 жж. Қазақстандағы қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық қатынастар тарихы

да зерттеу жұмыстарынан көрініс таба бастады. Қоғамдағы бұл мәселелер А.Н.Нүсіпбековтің, С.Б. Бәйішевтің, С.А. Нейштадтың, Б.Н. Әбішеваның, М.Х. Асылбековтың, Н.Г.Панның, С.Б. Нұрмұхамедовтың, В.К. Савоськоның, Р.Б.Сүлейменовтың, А.Е. Ержановтың еңбектеріне арқау болды. Мысалы, А. Н. Нүсіпбековтің «Қазақстандағы кеңестік жұмысшы табының қалыптасуы мен дамуы» атты монографиясы ХХ ғасырдың 20-40 жылдарында республикадағы кәсіби жұмысшыларды дайындау үдерісін жан-жақты қарастырған тұңғыш іргелі зерттеу еңбегі болды (Нусупбеков, 1987). Ал М.Х. Асылбеков, С.Б. Нұрмұхамедов, Н.Г. Панның «Қазақстандағы жұмысшы табы индустриялық кадрларының өсуі (1946-1965 жылдар)» атты зерттеу жұмысында Қазақстандағы жұмысшы табының тарихына аса назар аударылды (Асылбеков, 1976). Сол сияқты, М.Х.Асылбековтің «Қазақстан теміржолшы кадрларының қалыптасуы мен дамуы (1917–1970)» атты зерттеу жұмысы (Асылбеков, 1973), С.Қ. Жақыпбековтің «Жеңіл индустрия тарихы» монографиясы да Қазақстандағы өндіріс тарихы мен оның қоғамдық қатынастардағы орнына арналды (Жакупбеков, 1984).

1950–1960 жж. Қазақстан тарихы ғылымының басты проблемасының біріне айналған тақырып ретінде елімізге қоныс аударылған орыс шаруаларының мәселелерін атап өтуге болады. Бұл тақырыпқа арналған іргелі еңбектер мен маңызды мақалалар жарық көрді. Жарияланған еңбектерде қоныс аудару саясатының басты себептері, нәтижесі, салдары жан-жақты талданып, зерделенді. Бұл тұрғыда жазылған еңбектердің ішінде Ә. Тұрсынбаевтың зерттеуінде империялық қоныстандыру саясатының сипаты қарастырылды (Турсунбаев, 1950). Сол сияқты Л.М. Әуезованың ғылыми тұжырымдары да қазақ жерлерінің артық жер ретінде танылып тартып алынғаны жөнінде пікірін білдірді. Нәтижесінде артық жерлерінен айырылған қазақ шаруаларының жағдайы қиындап отырықшылыққа көну мәжбүр болғандығын көрсетті.

Патшалық Ресейдің қоныстандыру саясатының тек жағымсыз тұстарынан бөлек прогрессивті бөлігін жазған авторлардың ішінде Е.Б. Бекмахановтың еңбегін ерекше атап өтсе болады. Ол елімізге орналастырылған орыс шаруаларының тиімді тұстарын көрсете келе, қоныстандыру саясаты нәтижесінде жетілген еңбек құралдарының келуін, мәдени байланыстардың орнағанын көрсетіп жазды.

1960 жылдары жарық көрген іргелі зерттеулердің ішінде Б. Сүлейменовтың «Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX-начала XX века» монографиялық еңбегінде патша үкіметінің аграрлық және қоныстандыру саясатының салдарына және келімсектердің әлеуметтік-экономикалық жағдайына, олардың орналасуына жан-жақты талдау жасаған. Мұндай зерттеу жұмысы 1960 жылдары П.Г. Галузоның еңбектерінен айқын көрініс тапты. Ол 1930 жылдардағы әкімшіл-әміршіл жүйенің қысымына қарамастан аграрлық тарихи мәселелер жөнінде өз зерттеулерін жүргізді.

Қазақстан тарихы ғылымының 1960 жылдардағы зерттеу бағыттарының басты бағытының бірі ретінде 1930 жылдары ұйымдастырылған байларды тәркілеуді зерттеу болды. бұл кезеңде байлардың малдарын кәмпескелеу мәселесі толыққанды зерттелді деп айту қиын дегенмен салыстырмалы түрде қарағанда бірқатар іргелі зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл мәселе жөнінде Ә. Тұрсынбаев, Б.А. Төлепбаев, Г.Ф. Дахшлейгер, Ж. Жұмабеков сияқты зерттеушілердің еңбектерін атап өтсе болады. Мысалы, 1928 жылғы тәркілеуге байланысты Ә. Тұрсынбаев байларды тәркілеу үрдісінің объективті себептері жергілікті жерлерде пісіп жетіліп, келешекте байлардың қоғам өміріне кері әсерін тигізетінін жазды. Сол сияқты Дахшлейгер тәркілеу шараларының қанаушы топ байлардың шаруашылықтарын экспроприациялау керек болды деді. Мұндай пікірді Ж. Жұмабековтың да пайымынан байқауға болады. Онда патриархалды шаруашылық иеленушілер ауылдық жерлерде социалистік құрылыстың орнығуына кедергі келтіреді деп түсінді.

Кеңестік тарихшылардың жоғарыда берілген мәселелердегі көзқарастары тек қана зерттеу мақалалар мен монографияларда ғана емес Қазақ ССР тарихы сияқты іргелі еңбектерде де көрініс тапты. Берілген бұл тұжырымдар сол кезеңнің қасаң қағидаларына негізделіп, тарих ғылымының методологиялық негіздерін қалыптастырды.

Қазақстан тарихы ғылымының кеңестік кезеңдегі көрінісі көрсетілген өзекті мәселелерге арнала отырып, мемлекеттің саяси идеологиялық құралы ретінде қалыптасты. Бұл сол кездегі Кеңес үкіметінің құрылу алғышарты болған большевиктік күштердің қызметінің дұрыстығын ғылыми дәлелдермен дәйектеп, шаруаларды ұжымдастыру, отырықшыландыру мәселесіне арналған еңбектерді жазылуын қамтамасыз етті. Ғылымдағы мұндай үрдіс әрбір мемлекет-

тік құрылымдағы саяси идеологиялық қажеттілікті өтейтін құрал деп түсінуге болады. Алайда мұнда қазақ жеріндегі отырықшыландыру, ұжымдастыру саясатының сәтті бетбұрыс екенін дәлелдеп, оны насихаттау дәстүрлі тұрмыс пен ұлттық құндылықтарды жоққа шығарудың бірден-бір жолы ретінде түсінуге болады.

Ауыл шаруашылығындағы қайта құру мәселелеріне арналған зерттеулерде дәстүрлі тұрмыс жағдайындағы ұжымдастыруға қарсы шыққан қазақ шаруаларын бандиттік бас көтерулер ретінде түсіндіріліп, олардың іс-әрекеттері қатаң сыналды. Десекте ұжымдастыру саясатындағы кейбір олқылықтардың болғанын Ә. Тұрсынбаевтың зерттеулерінде көрініс тапты. Оның пікірінше ұжымдастыру кезіндегі кемшіліктер «партияның колхоз құрылысындағы саясатының бұрмалануы болып табылды. Бұрмаланудың өзі Ә. Тұрсынбаев сөзімен айтқанда, «колхоз қозғалысының одан әрі өсуінің негізгі кедергісіне айналып, тап жауларының әрекетіне жол ашты» деп жазды. Оның пікіріне қарсы ұжымдастыру шараларының мінсіз өткенін жазып, бұл саясаттың сәтті тұстарын көрсеткен Е.В. Семихианың зерттеуін, Х.Д. Чуринов, А.А. Королевский еңбектерін атап өтуге болады.

Қазақ жеріндегі ауыл шаруашылығындағы өзгерістер мен ұжымдастыру мәселелеріне арналған М. Шаумянның, Б.А. Амантаевтың, Е. Кузнецовтың, Ф.И. Колодиннің, С.Б. Баишевтің, Қ. Атабаевтың атап өтсе болады. Тарихшылар ішінде ұжымдастыру үрдістерін тереңірек зерттегендер ретінде – Ж. Жұмабеков, Б.А. Төлепбаевтарды айтса болады. Олар өз зерттеулерінде жаппай ұжымдастыруды барынша дәріптеп көрсетті. Ж. Жұмабеков жеке шаруа қожалықтарының жойылуын «шаруалардың колхоз жолына өтуі барлық ауыл-деревнялық укладтағы экономикалық қатынастардағы ұлы революцияны білдіреді», – деп жазды. Ал, Б.А. Төлепбаевтың пікірі де осыған ұқсас болды. Оның пайымынша: «Ұжымдастыру бұл ауылшаруашылығы-

ның артта қалуын тудырған қиыншылықтардан шығудың бірден-бір дұрыс жолы болды және біртұтас социалистік экономиканы құруға бағытталды. Ірі социалистік шаруашылықтарды құру ауыл мен қышлақтағы жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастарды қалыптастыру ісіндегі революцияландырушы фактор болды», – деп көрсетті. Осылайша Ж. Жұмабековтың, Б. Төлепбаевтың іргелі еңбектерінде тарихи оқиғалар мен үдерістер бұрмаланды. Зерттеушілер пікіріндегі мұндай басымдықтардың болуы біріншіден объективті көзқарастардан бас тартқанынан көруге болады. Себебі, жаппай ұжымдастыру жағдайында шаруалардың тығырыққа тірелген проблемаларын шешілмей, керісінше қазақ шаруаларының дәстүрлі шаруашылығы терең дағдарысқа кетті. Мұны сол кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың әлсіреуі, елде ашаршылық жағдайының орын алғанынан байқауға болады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, соғыстан кейінгі Қазақстан тарихының даму үрдістері негізгі бағыттарды қалыптастарды. Бұл біріншіден, деректанулық тұрғыда тарихи деректерді аудару, топтастыру және жинақтау жұмыстары болса, екінші бағыты соғыстан кейінгі елдегі экономикалық өзгерістерді, аграрлық реформаларды ашып жазуға тырысты. Сол сияқты 1960–1970 жж. тарихшылардың басым бөлігі ұжымдастыру мәселесіне, байлардың малын тәркілеу мәселелеріне арналған зерттеулер жүргізді. Бұл тұтас алғанда Қазақстан тарихы ғылымының мемлекеттік саяси идеологиялық құралы ретінде қызмет ете бастағанын байқауға болады. Бұл зерттеулердің нәтижесінде Қазақ ССР ғылым академиясы Ш.Ш. Уалиханов атындағы Тарих, археология және этнология институты жаңынан іргелі зерттеу жүргізіліп, өңірлерде экспедициялық зерттеулер ұйымдастырылды.

Әдебиеттер

- Абсеметов М. Научные учреждения АН СССР и вузы в Казахстане в период эвакуации // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 6 <https://science-education.ru/ru/article/view?id=16828>
- Алтынсарин И. Собрание сочинений /И. Алтынсарин. – Алма-Ата, 1975. – Т. 1. – 308 с.
- Асылбеков М.Х. Рост индустриальных кадров рабочего класса в Казахстане (1946–1965 гг.) / М.Х. Асылбеков, С.Б.Нурмухамедов, Н.Г. Пан. – Алма-Ата: Наука, 1976. – 270 с.
- Асылбеков М.Х. Формирование и развитие кадров железнодорожников Казахстана (1917-1970 гг.) / М.Х. Асылбеков. – Алма-Ата: Наука, 1973. – 325 с.
- Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России / Е.Б. Бекмаханов. – М.: Издательство Академии Наук ССР, 1987. – 337 с.

- Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения / Под ред. Академика АН КазССР А.Х. Маргулана. – Алма-Ата: Каз. гос. изд. «Художественная литература», 1958. – 643 с.
- Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: [В 5-ти т.]. – Т. 4./ Ч.Ч. Валиханов. – Алма-Ата: АН КазССР, 1964. – 662 с.
- Жакупбеков С.К. История легкой индустрии Казахстана (1917-1980 гг.) / С.К. Жакупбеков. – Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1984. – 316 с.
- Известия Академии Наук Казахской ССР. Серия истории, археологии и этнографии. – Вып. 3.– Алматы, 1960. – 119 с.
- История Казахской ССР: С древнейших времен до наших дней / И. О. Омарова, А. М. Панкратовой // Академия Наук КазССР. – 2-е изд., испр., доп. – Алма-Ата, Каз. объедин. гос. изд-во. – 1949. –Т. 1.– 511 с.
- Казахско-русское отношение в XVI–XVIII веках / Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Издательство Академии Наук Казахской ССР, 1961. – 743 с.
- Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство / А.Х. Маргулан. – Алма-Ата: Өнер, 1986. – 256 с.
- Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1969. – 649 с.
- Нусупбеков А.Н. История рабочего класса Советского Казахстана /А.Н. Нусупбеков. – Алма-Ата: Наука, 1987.
- Турсунбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан / А.Б. Турсунбаев. – Алма-Ата: АН КазССР, 1950. – 101 с.

References

- Absemetov M. Nauchnye uchrejenia AN SSSR i vuzy v Kazahstane v period evakuasii // Sovremennye problemy nauki i obrazovania. – 2014. – № 6 <https://science-education.ru/ru/article/view?id=16828> [in Russian].
- Altynsarin İ. Sbranie sochineni. – Alma-Ata, 1975. – Т. 1. – 308 s. [in Russian].
- Asylbekov M.H. Formirovanie i razvitie kadrov jeleznodorojnikov Kazahstana (1917-1970 gg.) [Formation and development of personnel of railway workers of Kazakhstan (1917-1970)] – Alma-Ata: Nauka, 1973. – 325 [in Russian].
- Asylbekov M.H., Nurmuhamedov S.B., Pan N.G. Rost industrialnyh kadrov rabocheho klasa v Kazahstane (1946–1965 gg.) [The growth of industrial personnel of the working class in Kazakhstan (1946-1965)]. – Alma-Ata: Nauka, 1976. – 270 [in Russian].
- Bekmahanov E.B. Prisoedinenie Kazahstana k Rosii [Kazakhstan’s accession to Russia] – М.: İzdatelstvo Akademii Nauk SSR, 1987. – 337 s. [in Russian].
- Valihanov Ch.Ch. İzbrannnye proizvedenia [Selected works]. Akademika AN KazSSR A.H. Margulana. – Alma-Ata: Kaz. gos. izd. «Hudojestvennaia literatura», 1958. – 643 [in Russian].
- Valihanov Ch.Ch. Sbranie sochineni: V 5 t. – Т. 4. – Alma-Ata: 1964. – 662 [in Russian].
- Jakupbekov S.K. İstoria legkoi industrii Kazahstana (1917-1980 gg.) [The history of the light industry in Kazakhstan (1917-1980)]. – Alma-Ata: Nauka Kazahskoi SSR, 1984. – 316 [in Russian].
- İstoria Kazahskoi SSR: S drevneishih vremen do naših dnei ; pod obş. red. İ. O. Omarova, A. M. Pankratovoi ; Akademia Nauk KazSSR . – 2-e izd., ispr., dop. .- Alma-Ata : Kaz. obed. gos. izd-vo , 1949. Т. 1 .– 511 [in Russian].
- Izvestia Akademii nauk Kazahskoi SSR. № 44: Seria istoricheskaia, 3. – 119 s. [in Russian].
- Kazahsko-ruskoe otnoşenie v XVI–XVIII vekah [Kazakh-Russian relations in the XVI–XVIII centuries]. Sbornik dokumentov i materialov. – Alma-Ata: İzdatelstvo Akademii Nauk Kazahskoi SSR, 1961. – 743 [in Russian].
- Margulan A.H. Kazahskoe narodnoe prikladnoe iskustvo [Kazakh folk applied art] – Alma-Ata: Өнер , 1986. – 256 [in Russian].
- Materialy po istorii Kazahskih hanstv XV–XVIII vekov (izvlechenia iz persidskih i türkskih sochinnenii)[Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV–XVIII centuries (extracts from Persian and Turkic writings)] – Alma-Ata: İzd. «Nauka» KazSSR, 1969. – 649 s. [in Russian].
- Nusupbekov A.N. İstoria rabocheho klasa Sovetskogo Kazahstana [The history of the working class of Soviet Kazakhstan] – Alma-Ata: Nauka, 1987 [in Russian].
- Tursunbaev, A.B. İz istorii krestänskogo pereselenia v Kazahstan [From the history of peasant resettlement in Kazakhstan] – Alma-Ata: AN KazSSR, 1950. 101 [in Russian].

Маржан Досмаханова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан,
e-mail: marzhuna@mail.ru

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ
1991-2024 ЖЫРДАРДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫ**

Аңдатпа. Мақалада Қызылорда облыстық телеарнасының 1991-2024 жылдардағы даму тарихы жайлы баяндалған. Арал өңіріндегі тұңғыш телеарна егемендіктің алғашқы жылдары дүниеге келді. Осы тұрғыдан алғанда 1991 жылдың 30 сәуірінде өз қызметін бастаған облыстық телеарнаның қалыптасуының тарихи тәжірибелерін зерттеудің маңызы зор. Сондықтан облыстық телеарнаның құрылу кезеңдері, кадрлық-шығармашылық әлеуеті мен бағдарламалық ерекшеліктеріне талдаулық зерттеулер жүргізу отандық тарихшылар үшін өзекті. Қызылорда телеарнасының егемендіктің рухани және саяси негіздерін нығайту үшін жасаған қызметін зерттеу арқылы аймақтың қоғамдық-саяси және экономикалық дамуын бағамдау да өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – Қызылорда облыстық телеарнасының 1991 жылдан бүгінгі күнге дейінгі дамуының тарихи кезеңдерін жүйелеу және талдау болып табылады. Осы мақсатта телеарнаның даму кезеңдерін, материалдық-техникалық және кадрлар әлеуетінің нығаюын, оның өңірдің саяси – экономикалық дамуын насихаттаудағы қызметтерін көрсету міндеттері қойылды.

Зерттеу Қызылорда облыстық телеарнасының тарихын мұрағат деректері мен мерзімдік баспасөз мәліметтерін, мамандар естеліктерін жүйелеу және талдау негізінде жүргізілді. Зерттеу әдістемесі объективтілік, тарихилық, жүйелілік, салыстырмалы тарихи әдістерге негізделген. Қызылорда облыстық телеарнасының 1991-2024 жылдар аралығындағы қалыптасуы мен даму тарихы баспасөз материалдары мен тиісті әдебиеттер мен құжаттар негізінде алғаш рет жүйеленді. Қазіргі кезде Қызылорда облыстық телеарнасы тарихын арнайы зерттеген бірде-бір ғылыми жұмыс жоқ. Зерттеуде жарияланған деректердің көпшілігі ғылыми айналымға алғаш рет енгізілді.

Түйін сөздер: Қызылорда телеарнасы, ақпарат құралдары, бағдарлама, кадрлар әлеуеті, техникалық база.

Сілтеме үшін: Досмаханова М. Қызылорда облыстық телеарнасының 1991-2024 жылдардағы даму тарихы // Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 184. No 4. 39-46 бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-4-4-39>

Marzhan Dosmakhanova

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan,
e-mail: marzhuna@mail.ru

**The history of the development
of the Kyzylorda regional tv channel in 1991 to 2024**

Abstract. The article describes the history of the development of the Kyzylorda regional TV channel in 1991-2024. The first TV channel in the Aral Sea region was born in the first years of sovereignty. From this point of view, it is important to study the historical experience of the formation of the regional TV channel, which began its activities on April 30, 1991. Therefore, conducting analytical studies of the stages of creation, personnel and creative potential and program features of the regional TV channel is relevant for domestic historians. An urgent problem is the assessment of the socio-political and economic development of the region by studying the activities of the Kyzylorda TV channel to strengthen the spiritual and political foundations of sovereignty.

The purpose of the study is to systematize and analyze the historical stages of the development of the Kyzylorda regional TV channel from 1991 to the present day. To this end, the tasks were set to reflect the stages of development of the TV channel, the strengthening of the material, technical and personnel potential, its services in promoting the political and economic development of the region.

The study was carried out on the basis of systematization and analysis of the history of the Kyzylorda regional TV channel, archival data and Periodical Press data, Memoirs of specialists. The research methodology is based on objectivity, historicity, consistency, comparative historical methods. The history of the formation and development of the Kyzylorda regional TV channel from 1991 to 2024 was system-

atized for the first time on the basis of press materials and relevant literature and documents. **Conclusion.** Currently, there is not a single scientific work that specifically studied the history of the Kyzylorda regional TV channel. Most of the data published in the study were introduced into scientific circulation for the first time.

Keywords: Kyzylorda TV channel, mass media, program, personnel potential, technical base

For citation: Dosmakhanova M. The history of the development of the Kyzylorda regional tv channel in 1991 to 2024 //Electronic scientific journal " Kazakh history ". 2024. Vol. 184. No. 4. Pp. 39-46 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-4-4-39>

Кіріспе

Қызылорда облыстық телеарнасының дамуы ел тарихының, яғни оның әлеуметтік, ғылыми-техникалық, идеологиялық, мәдени жаңғыруының ажырамас бөлігі болып табылады. 20-ғасырдың соңғы жағында телеарналардың қалыптасуының өз ерекшеліктері болды. Кеңестік кезеңде, 1991 жылға дейін өңірлік телеарналар біріккен мемлекеттік идеологиялық және салалық ауқымда қалыптасты және жұмыс істеді. Сол кезеңдегі телеарналардың басты міндеті – ресми саясатты насихаттау болды. Орталықтан басқару, партиялық бақылау мен цензура бұқаралық ақпарат құралдарының осы түрін партиялық-мемлекеттік саясаттың пәрменді құралына айналдырды. Кейін, 20-ғасырдың 90-жылдары қоғамның трансформацияға ұшырау жағдайында телеарналар негізінен үш бағытта дамыды: мемлекеттік-республикалық, мемлекеттік-өңірлік және коммерциялық. Кезкелген телеарна тарихын зерттеу осы саланың қалыптасуы мен қызметін зерттеудегі бір буын болып табылады.

1991 жылдың 30 сәуірінде Қызылорда облыстық телеарнасы құрылып қызметін бастады. Нақ осы жылдары жергілікті телеарна мазмұны мен формасы, идеялық тұрғыда нығайып, Қызылорда облыстық телеарнасының материалдық-техникалық базасы мен кадрлық әлеуеті үнемі жетілдіріліп отырды. Сондықтан жаңадан құрылған облыстық телеарнаның құрылу тәжірибелері, саяси-идеологиялық бағыты, құндылықтық ұстанымдары, шығармашылық әлеуеті, ақпараттық ерекшеліктерін уақыт биігінің ой елегінен өткізіп сараптамалық зерттеу жүргізулер бүгінгі өлкетанушылар мен отандық тарихшылар үшін өзекті.

Бүгінде телеарна бұқаралық насихат пен үгіттің, сындарлы қоғамдық пікірді қалыптастырудың қуатты құралына айналуға. Әсіресе бұл Қазақстан сияқты бұрынғы кеңестік республикалар үшін маңызды. Айта кету қажет жаңа жағдайларда облыстық телеарна – егемендіктің

мәдени-рухани және саяси негіздерін аймақтарда нығайту үшін құрылды. Сондықтан жаңадан құрылған облыстық телеарна тарихының тәуелсіздік жылдары жүріп өткен жолы мен жасаған қызметін зерттеу арқылы облысымыздағы қоғамдық-саяси, экономикалық дамудың барысын бағамдау да өзектілігін жоймақ емес.

Бұқаралық ақпараттар тарихы – өлке және отан тарихының құрамдасы. Өткенде және бүгінгі күні де қоғамдық-саяси өмір мен адамдардың күнделікті тіршілігін бұқаралық ақпарат құралдарысыз, оның ішінде телеарнасыз елестету мүмкін емес. Әсіресе азаматтық қоғам құру және заң үстемдігін қамтамасыз етуді міндет етіп қойып отырған Қазақстан қоғамы мен билігі үшін облыстық телеарна қызметінің кәсіби шеберлігі мен саяси деңгейі маңызды және айрықша көкейкесті.

Тәуелсіздік жылдарының ерекшелігі – жаңа жағдайларда Қызылорда облыстық телеарнасы қатқыл бәсеке жағдайында қалыптасты. Өйткені республика көлемінде облыстық телеарналардан бөлек жаңадан ондаған дербес телеарналар ашылып, қызмет жасап жатты. Мұндай жағдайда көрермендер үшін күресу қажеттігі туындап, бюджеттік базалық қаржыландырудан бөлек қосымша қаражат көздері іздестірілді. Осы орайда нарыққа бейімделу үшін коммерциялық телеарналар жұмыс істеді. Сондай-ақ, коммерциялық және мерекелік «Ән-шашу» бағдарламалары жүргізілді, консультативтік кеңестер ұйымдастырылды. Талантты журналистер тартылды. Сондықтан жоғарыда айтылған қиындықтарды еңсеру жолындағы Қызылорда облыстық телеарнасы қызметкерлерінің жеке және ұжымдық тәжірибелерінің оң және теріс жақтарын саралап, журналистердің кезекті буынының көрсетіне жарату да өзекті.

Алғашқы құрылған күннен бастап облыстық телеарна ұжымының жеке құрамы өз бағдарламаларында тұрғындардың азаматтық белсенділігін көтеру бағытында шығармашылықпен жұмыс істеді. Олардың барлығы тәуелсіздігіміздің рухани-мәдени негіздерін нығайтуға қызмет

етті. Ұлттық құндылықтар мен әдет-ғұрып, менталитет тақырыбында көптеген қызықты хабарлар жасалды. Сондықтан тәуелсіздік жылдарындағы аймақтық телеарнаның тарихын зерттеу объективті түрде қазіргі облыс тұрғындарының ой-өрісі мен танымын кеңейтетіні сөзсіз.

Мұнымен қатар 30 жыл ішінде облыстық телеарна ұжымының сандық және сапалық құрамы да үнемі толығу үстінде болып, шығармашылық жағынан кемелденді. Қызылорда облыстық телеарнасы өзінің тәуелсіздік жылдарындағы отыз жылдық тарихында белгілі бір тарихи кезеңнен өтті. Сыр бойы тұрғындары қоғамдық пікірінің айнасы болды және аймақтық қоғамдық саяси тұрақтылық пен ұлттық келісімге қызмет етті. Сондықтан оның отыз жылдық тарихының тәжірибелерін зерттеу жергілікті, отандық тарихшылардың кәсіби міндеті болып табылады.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шегі 1991-2024 жылдар аралығын қамтиды. Зерттеуді 1991 жылдан бастауымыз осы жылы облыстық телеарнаның құрылған жылы, сонымен бірге зерттеуіміздің жоғарғы шегін бүгінгі күнге дейін белгіледік.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысының әдістемелік негіздерін тарих ғылымының сыннан өткен әдістері мен тәсілдері: объективтілік, тарихилық, жүйелілік, салыстырмалы тарихи зерттеулер құрады. Сондай-ақ тарих ғылымының күнделікті тарих, ауызша тарих, мәдениет тарихы сияқты заманауи бағыттарының әдістері мен тәсілдері қолданылды. Күнделікті тарихтың негізгі методы естеліктер, әдеби туындылар, публицистикалық мақалалар, эсселер, т.б. сараптау арқылы облыстық телеарна қызметкерлерінің күнделікті өмірін білуге мүмкіндік берді. Ал ауызша тарихтың сұхбат алу әдіс-тәсілдері арқылы бұрын қызмет атқарған және бүгін еңбек етіп жүрген журналистер мен қызметкерлердің өз ауыздарынан аса құнды деректер алудың сәті түсті. Дегенмен осындай әдіс-тәсілдер арқылы жинақталған фактілік материалдарды мұрағаттық деректермен салыстыру, жинақтау, талдау оңайға түспегендігін атап өткіміз келеді. Материалдардың негізгі бөлігін Президент үндеулері, ҚР Үкіметі мен тиісті министрліктердің ұйымдастыру-басқару құжаттары (жарлықтар, қаулылар, бұйрықтар), есептік іс жүргізу құжаттары (жұмыс жоспарлары, хаттамалар, басқа ұйымдармен арадағы хаттар), сонымен қатар лауазымдық адамдар жайлы мә-

ліметтер (кадрлар тізімі, жеке іс парақтары) құрады.

Маңызды дерек көздерінің бірі – телехабарлар жазылған папкалар, тақырыптық жоспарлар мен олардың орындалуы жайлы есептер, сонымен қатар телеарнада әр кездері еңбек еткен қызметкерлердің естеліктері болды. Дерек көзі ретінде күнделікті баспасөзде («Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», т.б.) жарық көрген материалдар да пайдаланылды.

Талқылау

Ақпарат ағымы тоқтаусыз ағып жатқан қазіргі қоғамда жаңалықтарды дер кезінде халыққа жеткізу аса маңызды. Бұл ретте әсіресе телеарналардың сапалы жұмыс жасап, әлеуметтік желілерде ерекше контент қалыптастыруы медиа саласының қарқынды дамуына ықпал ететіні анық. Телеарналар азаматтық қоғамның құрамдас бөлшегі ретінде билік пен бұқараның арасындағы дәнекер ғана емес, ол еліміздің сансаладағы жетістіктерінің жаршысы болып келеді.

Кез-келген аймақтағы медиа құралдарының басты мақсаты – тұрғындардың жергілікті хабарларға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осы жерде қазіргі кезде баспасөз құралдарының (газет, журналдар, т.б.) тираждары кеміп, сымдық радио желісінің жабылуы, т.б. факторларға байланысты телевидениенің маңызының арта түскенін айта кету керек. Іс жүзінде телеарналар тұрғындарды жергілікті хабарлармен қамтамасыз ететін жалғыз арна болып қалды.

Ұлт ұстазы, ұлы ғалым, Алаштың рухани көсемі А.Байтұрсынов кезінде баспасөзге қатысты былай деп жазыпты: «... Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды...». Ал 21-ғасырда газет орнын интернет торы жауып жатқан заманда бұл сөздердің қазіргі кездегі хабар алудың барлық құралдарына, оның ішінде теледидарға да тікелей қатысты екендігі даусыз.

Қазіргі кезде көптеген зерттеушілер телевидение тарихы бір жағынан, технологиялық өнертабыстың тарихи даму жолы десе, екінші жағынан, әлеуметтік құбылыстың тарихы ретінде қарастырады. Аймақтық телеарналардың

маңызын, олардың даму жолдарын, айрықша сипаттарын бағаламауға болмайды. Сол сияқты бүкіл ел телевидениесінің даму тарихын өңірлік телеарналардың тарихынсыз көзге елестету мүмкін емес. Ал өңірлік телеарналардың жүріп өткен тарихи жолдары да тегіс емес, өзіндік ерекшеліктері де жетерлік. Солай бола тұра аймақтық телеарналардың тарихы зерделеніп, ғылыми айналымға қосылмаған. Оның бір себебі дерек көздерінің аздығы болуы мүмкін. Содан болар зерттеушілер көбіне кең көлемде, ауқымда жазғанды, не өткен мен қазіргіні баяндағанды жөн көреді.

Соңғы онжылдықтарда алыс-жақын шет елдердегі тарихшы-зерттеушілердің назары өңірлік телеарналардың даму тарихына ерекше ауа бастады (Данилов, 2009), (Манжула, 2020).

Отандық электронды БАҚ саласын түрлі бағытта ғылыми тұрғыдан зерттеген К.Аманбаев «Создание и развитие телевидения в Казахстане – действенное средство идеологической работы КПСС (1958-1970 гг.)» (Аманбаев, 1971), М.Барманқұлов «Общность и специфика документальных жанров печати, телевидения и радиовещания» (Барманқұлов, 1980), т.б. диссертацияларында тележурналистика әдісі, функциясы, типологиясы т.б. жайлы айтылады. Зерттеу еңбектері мен диссертацияларда теледидардың жекелеген проблемалары ғана қарастырылады.

Қызылорда облыстық телеарнасы қазіргі күні тәулігіне 15 сағат эфирде хабар таратады. Өткен жылы Байқоңыр қаласында тілшілер пункті ашылды. Жыл басынан бері жаңа 8 бағдарлама көрерменге ұсынылды. Жалпы, телеарнада 32 бағдарлама жарық көреді. Мемлекеттік қызметкерлердің айтар сөзін халыққа жеткізу мақсатында «Anygtimes» хабары жарық көрді. Одан бөлек, руханиятқа арналған «Parallel» атты бағдарлама бар. Ауылдың тыныс-тіршілігін көрсететін «Құдайы қонақ» бағдарламасы да көрермендердің көңілінен шығып үлгерді. Ал осы соңғы бағдарлама 2024 жылы Астана қаласында өткен «Тұмар» ұлттық телевизиялық бәйгесінде «Үздік әлеуметтік жоба» аталымы бойынша «Тұмар» жүлдесіне лайық деп танылды.

Ал осы Қызылорда облыстық телеарнасы қызметінің отыз жылдық тарихының бізге дейін кәсіби тарихшылар тарапынан мүлде зерттелмегендігін бірден айта кеткенімізді жөн көрдік. Өткен ғасырдың 70-80- жылдарында Кеңестік Қазақстан телеарнасының қызметі мен қалыптасу тарихы азды-көпті зерттелгендігіне көзіміз

жетті. Олардың ішінен тележурналистиканы зерттеуші С.Масғұтовтың «Телевизиялық журналистика негіздеріне кіріспе» (Масғұтов, 1975), оның жанрларын зерттеуші Б.Барманқұловтың «Жанры печати, радиовещания и телевидения» (Барманқұлов, 1974), кеңестік тоталитарлық қоғамдағы отандық телеарнадағы идеологиялық ықпалы жөнінде Қ.Аманбаевтың «Действенное средство идеологической работы» (Аманбаев, 1981), сондай-ақ Ә.Сүлейменованың «Проблемы многоязычия в телевидении (на материалах телевидения Казахстана)» (Сүлейменова, 1992) атты еңбектерін айта аламыз. Бұл еңбектердің барлығы да біздің тақырыбымызға бойлауға, игеруімізге септігін тигізді.

Қазақ телевизиясының проблемаларын кешенді зерттеген Ғ.Ибраева «Телевидение Казахстана в условиях становления демократической государственности» атты еңбегінде Орталық Азия мемлекеттеріндегі жаңа ақпараттық кеңістіктің қалыптасу процестерін талдайды. Олар өтіп жатқан кездегі әлеуметтік-саяси жағдайларды қарастырады. Жұмыста Қазақ телевидениесіндегі бағдарламалар мен ақпараттық шығарылымдар, тележурналистер мен телекөрсермендер сауалнамалары талданған (Ибраева, 1995).

Ал белгілі ғалым Қ. Тұрсынов «Көгілдір экран құпиясы» атты еңбегінде тележурналистер жайлы былай деп жазады: «Ізденіс пен азапты арпалысты өмірінің кредосы етіп алған журналист қауымының қалам тербемейтін, араласпайтын саласы жоқ. Бәрінде де іс – әрекеттерді өз жан-дүниесімен сезіне, өз биігінен баға беріп, тұжырым жасайды. Парасат әлеміндегі кейіпкерлерінің көңіл-күйіне ене отырып, солармен бірге тыныстап, сезім шуағына бөленеді» (Тұрсынов, 1998).

Ғасырдың алғашқы онжылдықтарында журналистика теориясының тәжірибесі мен тарихы туралы Н.Омашев (Омашев, 1992), Т.Амандосов (Амандосов, 1984), Т.Қожакеев (Қожакеев, 1991), Б.Жақып (Жақып, 2004), А.Ыдырысовтардың (Ыдырысов, 2002) және т.б. зерттеулерін айтуға болады. Бірақ бұлардың ешқайсысында аймақтық телеарнаға қатысты пікірлер айтылмаған.

Дерек көздеріне жүргізілген талдау бүгінгі күні телевидение жайлы әдебиеттерде негізінен күнделікті баспасөзде жарияланған мәліметтердің басым екендігін көрсетеді. Ал телевидение тарихына қатысты жүргізілген монографиялық зерттеулер жоқтың қасы. Осы кезге дейін қорғалған диссертациялардың көпшілігі филология,

журналистика, не өнертану саласымен байланысты. Оның өзінде де өңірлік телеарналар тарихы жайлы мүлде жазылмайды. Яғни біздің зерттеу жұмысымыз осы бағыттағы тұңғыш еңбектердің бірі деп толық сеніммен айтуға болады.

Нәтижелер

Сонымен, Қызылорда облыстық телеарнасының 1991 жылдан бастап бүгінге дейін қызметінің тарихи мұрағатты деректер және мерзімдік баспасөз материалдарын сараптау және талдау негізінде:

- Қызылорда облыстық телеарнасының құрылуының алғышарттары мен алғашқы ұйымдастырушылық жұмыстарына қатысты деректерді жүйелеу және сараптау тұңғыш рет жүргізілді;

- Облыстық телеарнаның қалыптасуы мен дамуы кезеңдеріндегі жетістіктері мен кемшіліктері көрсетілді;

- Облыстық телеорталықтың материалдық-техникалық базасының жабдықталуы барысындағы ұйымдастырушылық қызметі ғылыми сарапталды;

- Жергілікті телеарнаның Қазақ ұлттық телевидениесімен байланысу деңгейі, жергілікті телеарнаның қызметінің ерекшеліктері айқындалды;

- Телеарнаның өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын насихаттаудағы орны көрсетілді;

- Облыстағы қоғамдық-саяси бағыттағы жұмыстарына талдау жүргізілді;

- Телеарнаның Сыр бойы халқының тарихы мен мәдениетін насихаттаудағы қызметі көрсетілді.

1957 жылы маусым айында Қазақ ССР Министрлер кеңесінің қаулысымен радиохабар тарату және телевидение жөніндегі комитет құрылды. Ал 1958 жылы 8 наурыздан бастап Алматыдан телехабарлар таратыла бастады. Алматыдан кейін Өскемен, Қарағанды, Жезқазған, Петропавл, Целиноград, Орал, Балқаш, Семей және Павлодар қалаларында телеарналар жұмыс істей бастады. Сол кездері Қазақ телевизиясы жайлы жазылған алғашқы ғылыми еңбектер жарық көре бастады (Аманбаев, 1971)

1989 жылы Сыр өңірінде де телеарна ашу жайлы мәселе көтеріліп, алғашқы шаралар қолға алына бастады. Мерзімді баспасөз беттерінде облыстық телеарна құру төңірегінде қызу пікірталастар жүргізіліп, олар өңір тұрғындарының қолдауына ие болды.

Телеарна ашу жұмыстарын бастау үшін Республикалық телевидение және радиохабарлары мемлекеттік комитеті өз есебінен 3,5 млн сомның техникалық жабдықтарын берсе, облыс қаржысынан 1,8 млн сом бөлінді.

Осы уақыттан бастап қызу жұмыстар басталды. Инженерлер мен техниктер Ю.Ефанов, Б.Шөкенов, М.Абылаев, М.Шалабаев, Ж.Жұмановтар облыстық телеарнаға қажетті құрал-жабдықтарды жан-жақтан жинақтап, алғашқы сигналын халыққа жеткізе білді. Телестудия саяси-ағарту Үйінің үлкен залының сахнасында құрастырылды. Алғашқы шығармашылық бригада құрамында журналистер А.Шалғынбаева, Б.Исламбаева, режиссер Х.Темір, дыбыс режиссері Б.Әлжанов, операторлар Т.Әлжанов пен А.Оспанов, суретші Г.Нұрмахановалар болды. Комитет төрағасы Ж.Бекқожаев телехабарлардың құрылуына белсене қатысты. Алматыдан қолдау мақсатымен А.Бапишев бастаған техникалық және шығармашылық қызметкерлер келді. Дәл осы кезде дикторлар конкурсы жарияланды. Бұл Сыр топырағындағы тұңғыш телеарна болатын.

Сыр елінің телеарнасы тәуелсіз еліміздің тарихымен тел түлеп келе жатқан ұжым. Егемендіктің уығы мен керегесін бірге қаласып, шаңырағын көтерген шығармашылық ордасы бүгінде мемлекетіміздің даму қарқынынан қалыспауда. Қызылорданың ақпарат айдынында облыстық телеарнаның шаңырақ көтергеніне де 30 жылдан асты. Тарих таразысына тартқанда аз болып көрінгенімен, бір ұжымның қалыптасу кезеңі үшін бұл аз уақыт емес. Осы уақыт ішінде тележурналистиканың белгілі ғалымы Қ.Тұрсын айтқандай: «көгілдір экран сахнасында сан мыңдаған тарландардың тағылымды істерінің іздері, жүректерінің табы, ақыл-ойларының сілемдері қалды. Олардың әрбірі ерлікке пара-пар істердің генераторы, әрі қозғаушысы болды. Тың идеялар, жаңа бастамалар, соны пішіндер мен түрітүсі бөлек бағдарламалар легі экран төрінен елге ұсынылып жатты (Тұрсын, 2007).

Телевидение тарихы еліміздің әлеуметтік, ғылыми-техникалық, идеологиялық, мәдени дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Бұқаралық ақпараттың басты құралдарының бірі ретінде ол қоғамдық пікірді қалыптастыруда, білім тарату мен насихаттауда, хабар таратуда маңызды орынға ие.

Облыстық телевидениенің 90-жылдардың басында қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері болды. Ол кезде телевидение біртұтас мемлекеттік идеологиялық және салалық жүйеде

қалыптасты. Алғашында оның басты міндеті ресми саясатты насихаттау болды. Кейінірек телевидение еліміздегі қоғамдық жүйенің трансформациялануына сәйкес үш бағытта дами бастады: мемлекеттік республикалық, мемлекеттік өңірлік және коммерциялық. Қызылорда облыстық телевидениесі біртұтас республикалық кеңістіктің бір құрылымдық бөлімшесі болды. Осы тұрғыда облыстық телевидениенің тарихын зерттеу жалпы осы саланың еліміздегі қалыптасуы мен дамуын саралаудың бір бөлшегі болып табылады.

Осы жұмыста Қызылорда облысында телевидениенің қалыптасуы мен дамуының өңірлік ерекшеліктерін анықтау үшін алғаш рет нақты тарихи талдау жасалды. Бұл өз кезегінде саланың материалдық-техникалық жарақтануын, кадрлар құрамымен жасақталуын, телевидение қызметін қамтамасыз ету, т.б. сұрақтарды талдауды қажет етті.

Тақырыпқа қатысты арнайы зерттеу жұмыстарының болмағанын жоғарыда айттық. Аймақтық телеарна туралы байсалды мақалалар мен естеліктердің облыстық телеарна қызметінің мерейтойлық даталы күндерге шыға бастады. Сипаты мен формасы жағынан оларды зерттеу жұмыстары деп айтуға болмас еді. Дегенмен оларға облыстық телеарнаның тарихына қатысты байсалды публицистикалық мақалалар деп бағалар едік. 2001 жылы «Сыр бойы» газетінде жарияланған К. Ерiмбетовтың «Көгілдір экран көкжиегі» мақаласында облыстық телеарнаның құрылу қарсаңында атқарылған мың сан ұйымдастыру жұмыстары жайлы мәліметтер беріледі. Облыстық телеарнаның алғашқы материалдық-техникалық жағынан базасын құрудағы инженер-техниктер Мұқан Абылаев, Юрий Ефанов, Марат пен Мұрат Шалабаевтар, Бақытжан Шөкеновтердің еселі еңбектерін атап өтеді (Ерiмбетов, 2001). Мақала облыстық телеарнаның он жылдық мерейлі күніне орай қошеметті сипатта жазылғандығын атап өтеміз.

2011 жылы облыстық телерадиокомпания құрылуының 20 жылдығына орай, жалпы редакциясын Жағыппар Қарабала басқарған «Сырдың сырлы сандығы» атты естеліктер жинағы жарыққа шықты (Сырдың, 2011). Облыстық телерадиокомпанияның 20 жылдығы Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығымен сәйкес келген еді. «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының мерейтойына арналып шығарылған бұл кітапта облыстық телеарна құрылуының алғашқы күнінен бастап 2011 жылға дейінгі тарихы – қалыптасу

кезеңдері мен сатылары баяндалды. Жинаққа енген мақалалар ішінен «Қазақстан РТРК» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры, «Құрмет» орденінің иегері Жағыппар Қарабаланың, телерадиокомпанияның 1991-1995 жылдардағы төрағасы, саяси ғылымдар докторы Әбдіжәлел Бәкірдің, телеарнаның алғашқы бас режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Хүсейн Әмір-Темірдің, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, арнаның тұңғыш тележурналисі Айткүл Шалғынбаеваның, телекомпанияның алғашқы жетекші инженері Юрий Ефановтың, облыстық радиотелехабар тарату дирекциясының қызметкері Мұхамедия Абылаев және тағы басқалардың естеліктерінде облыстық телеарна қызметінің алғашқы онжылдықтары сараланған.

Сол сияқты дәл сол 2011 жылы «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген мерейтой шараларының материалдары «Жиырма жылдық жаңғырығы» деген атпен өз алдына жинақ болып баспадан шықты (Жиырма жылдық, 2011). Осы жинақта кезінде «Қазақстан»РТРК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болған белгілі журналист Қайнар Олжай былай деп жазады: «Жалпы біздің телевидениенің (Қазақ телевидениесінің) теориясы жоқ, тарихы да жазылмаған. Яғни ғылыми жүйеленген тарихы жоқ. Қазақстандағы телевизия саласында тарихы жағынан ең жас осы Қызылорда телеарнасы. «Қазақстан» Ұлттық арнасында еңбек етіп жүрген белгілі журналистердің көбі осы Қызылорда телевидениесінің мамандары екенін біз мақтан етеміз. Сондықтан да Қызылорда телеарнасы тарихы жағынан қысқа болса да, берген кадрлары жағынан ең үлкен ұстаханаға айналды деп мақтанышпен айта аламыз». (Жиырма жылдық, 2011:8).

«Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының құрылғанына 25 жылдығына орай жергілікті баспасөздерде сериялық мақалалар шықты. «Қазақстан РТРК» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры, «Құрмет» орденінің иегері Жағыппар Қарабаланың естеліктері өте құнды. Мақалада облыстық телеарнадағы маман кадрлар дайындаудың өзіндік тәжірибелері сараланады. Автордың ойынша 25 жылдың ішінде облыстық телекомпания өзінің беделді ұжым екенін көрсете білді. «25 жыл ішінде біздің телекомпания өзінің беделді ұжым екенін көрсете білді. Біз жасаған хабарлар талай республикалық конкурстарда жүлделі орындарды алды» деп атап көрсетеді (Ширек ғасыр, 2016:4-6).

Осы жинақта кезінде облыстық телекомпанияны басқарған Амантай Шәріптің естеліктерінде («Естен кетпес он бір ай») ұжымдағы шығармашылық жетістіктерге тоқталады. (Ширек ғасыр, 2016:7).

Сондай-ақ осы жинаққа енген Несібелі Рахмет, Айсұлу Қасымова, Бақытжан Шөкенов, Алтынай Молжанова естеліктерінің деректік маңызы зор. Мұнымен қатар жыл сайын журналистердің кәсіби мерекелерінің күніне орай облыстық телеарнаның тарихына қатысты ардагер журналистердің естеліктері жарыққа шығып отырды Ұлт баспасөзі мен ұлт мүддесі өзектес». (Сыр бойы, 2024 жыл, 29 маусым.). Көріп отырғанымыздай, Қызылорда облыстық телеарнасының тарихы кәсіби тарихшылар тарапынан жазылмаған. Сондықтан облыстық ақпараттық кеңістіктің негізгі ошақтарының бірі облыстық телеарна тарихын жазу жергілікті тарихшылардың кәсіби міндеті.

Қорытынды

Сыр бойы ақпарат айдынында облыстық телеарнаның шаңырақ көтергеніне де отыз жылдан астам уақыт болып отыр. Тарих тара-

зысына тартқанда аз болып көрінгенімен, бір ұжымның қалыптасу кезеңі үшін бұл аз уақыт емес.

Дегенмен, осынша уақыт өтсе де телеарнаның жүріп өткен тарихи жолы әлі күнге дейін бір жүйеге салынып, ғылыми айналымға түспеген. Сол сияқты облыстық телеарнаның аймақтың саяси-қоғамдық және экономикалық өмірдегі маңызды ролі, оның қалыптасу және даму тарихына қатысты ғылыми еңбектердің жоқтығы осы зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Бүгінгі күні Қызылорда облысы ақпарат кеңістігінде барлығы 148 бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді. Оның ішінде 120 баспа, 26 интернет-сайт пен ақпараттық агенттік, 2 телеарна бар. Сол екі арнаның бірегейі – Қызылорда облыстық телеарнасы тәуелсіз еліміздің тарихымен қатар алға қарай қарыштап қадам басып жатқан ұжым. Егемендікпен төл құрдас шығармашылық ордасы бүгінде еліміздің даму қарқынынан қалыспай Сыр бойы тұрғындарын күнделікті ақпарат ағынымен хабардар етіп, көрермен көңілінен шығуда. Ал облыстық телеарна даму тарихының алғаш рет зерттелуі жалпы Қазақ телевидениесінің тарихына қосылған тың үлес болып табылады.

Әдебиеттер

- Аманбаев К. Создание и развитие телевидения в Казахстане – действенного средства идеологической работы КПСС (1958-1970 гг.): автореф. дис. ...канд.ист.наук. Алма-Ата, 1971. 22 с.
- Аманбаев К. Действенное средство идеологической работы. Алматы, 1981. 153 с.
- Амандосов Т. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. Алматы: Мектеп, 1984. 273 б.
- Барманкулов М. Жанры печати, радиовещания и телевидения. Алматы: КазГУ, 1974. с.128.
- Барманкулов М. Общность и специфика документальных жанров печати, телевидения и радиовещания: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. Москва, 1980. 37 с.
- Данилов А.А. Становление и развитие телевидения в регионах России во второй половине 20 – начале 21 вв. Чебоксары, 2009. 484 с.
- Ерімбетов К. «Көгілдір экран көкжиегі». «Сыр бойы» газеті», 2001 жыл.
- Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. Генезис, эволюция, поэтика. Алматы: Білім, 2004. 368 б.
- Жиырма жылдық жаңғырығы. Қызылорда: «ASU» баспа үйі, 2011. 92 б.
- Ибраева Г. Телевидение Казахстана в условиях становления демократической государственности. Алматы: Қазақ университеті, 1995. с.260.
- Қожакеев Т. Жас тілшілер серігі. Алматы: Рауан, 1991. 224 б.
- Манжула Е.В. Становление и развитие материально-технической базы телерадиовещания Донбасса в 1950-1980 гг. Тамбов, 2020. т. 13. С.32-35.
- Масғұтов С. Телевизиялық журналистика негіздеріне кіріспе. Алматы, 1975. 110 б.
- Омашев Н. Қазақ радиожурналистикасы: тарихы, тәжірибесі, теориясы. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 264 б.
- Сулейменова А. Проблемы многоязычия в телевещании (на материалах телевидения Казахстана): Автореф. дис....канд. филол.наук. Киев, 1992. 24 с.
- Сырдың сырлы сандығы. Қызылорда : Тұмар, 2011. 288 б.
- Тұрсынов Қ. Көгілдір экран құпиясы. Алматы: Қазақ университеті, 1998. 264 б.
- Тұрсын Қ. Көгілдір экран әлемі (телешығармашылық зертхана). Алматы: Қазақ Ұлттық университеті, 2007. 163 б.
- Ширек ғасыр антологиясы. Естеліктер жинағы. Қызылорда, 2016. – 112 б.

Ыдырысов А. Қазақ журналистикасының өткені, бүгіні, ертеңі хақында. ҚР ақпараттық кеңістігінің дамуы: онжылдық тәжірибе. Алматы: Қазақ ҰУ, 2002. 64 б.

References

- Amanbayev K. Sozdanie i razvitie televideniya v Kazakhstane – deystvennogo sredstva ideologicheskoy raboty KPSS (1958-1970 gg.). [Creation and development of television in Kazakhstan – an effective means of ideological work of the CPSU (1958-1970)]. Avtoref...kand.ist.nauk. Alma-Ata, 1971. 22 s. (in Rus).
- Amanbayev K. Deystvennoe sredstvo ideologicheskoy raboty. [An effective means of ideological work]. Almaty: Kazakhstan, 1981. 153 s. (in Rus).
- Amandosov T. Sovet zhurnalistikasynıң teoriyası men praktikasy. [Theory and practice of Soviet journalism]. Almaty: Mektep, 1984. 273 b. (in Kaz).
- Barmankulov M. Zhanry pechati, radioveshchaniya i televideniya. [Genres of print, radio broadcasting and television]. Almaty: KazGU, 1974. 128 s. (in Rus).
- Barmankulov M. Obshchnost' i spetsifika dokumental'nykh zhanrov pechati, televideniya i radioveshchaniya. [The generality and specificity of the documentary genres of print, television and radio broadcasting]. Avtoref. d-ra filol. nauk. M., 1980. 37 s. (in Rus).
- Danilov A.A. Stanovlenie i razvitie televideniya v regionakh Rossii vo vtoroy polovine 20 – nachale 21 vv. [The formation and development of television in the regions of Russia in the second half of the 20th – early 21st centuries]. Cheboksary, 2009. 484 s. (in Rus).
- Yerimbetov K. «Kөгildir ekran kөгzhiegi». [«Blue screen horizon». «Syr boyy» gazetі», 2001 zhyl. (in Kaz).
- Zhakup B. Қазақ publitsistikasynıң қалыптасу, даму zholdary. Genezis, evolyutsiya, poetika. [Ways of formation and development of Kazakh journalism. Genezis, evolution, poetics]. Almaty: Bilim, 2004. 368 b. (in Kaz).
- Zhiyrma zhylдық zhaңғурығу. [The echo of twenty years]. Kyzylorda: «ASU» baspa yyi, 2011. 92 b. (in Kaz).
- Ibraeva G. Televidenie Kazakhstana v usloviyakh stanovleniya demokraticheskoy gosudarstvennosti. [Television of Kazakhstan in the context of the formation of democratic statehood]. Almaty: Қазақ universiteti, 1995. 260 s. (in Rus).
- Kozhakeev T. Zhas tilshiler serigi. [Companion of young correspondents]. Almaty: Rauan, 1991. 224 b. (in Kaz).
- Manzhula E.V. Stanovlenie i razvitie material'no-tekhnicheskoy bazy teleradioveshchaniya Donbassa v1950-1980 gg. [Formation and development of the material and technical base of Donbass broadcasting in 1950-1980]. Tambov, 2020. t.13. s.32-35. (in Rus).
- Masgutov S. Televiziyalyқ zhurnalistika negizderine kirispe. [Introduction to the basics of television journalism]. Almaty, 1975. 110 b. (in Kaz).
- Omashev N. Қазақ radiozhurnalistikasy: tarikhy, tözhibesi, teoriyası. [Kazakh radio journalism: history, practice, theory]. Almaty: Қазақ universiteti, 1992. 264 b. (in Kaz).
- Suleimenova A. Problemy mnogoyazychiya v televeshchaniі (na materialakh televideniya Kazakhstana). [Problems of multilingualism in television broadcasting (based on the materials of the television of Kazakgstan): aftoref.kand.filol.nauk. Kiev, 1992. 24 s. (in Rus).
- Syrdun syrly sandyғu. [The secret Ark of the secret]. Kyzylorda: Tymar, 2011. 288 b. (in Kaz).
- Tursunov K. Kөгildir ekran kұpiyası. [Mystery of the blue screen]. Almaty: Қазақ universiteti, 1998. 264 b. (in Kaz).
- Tursun K. Kөгildir ekran әlemi. [World of the blue screen]. Almaty: Қазақ universiteti, 2007. 163 b. (in Kaz).
- Shirek ғасыr antologiyasy. [A quarter century anthology]. Estelikter zhinary. Kyzylorda, 2016. 112 b. (in Kaz).
- Idrisov A. Қазақ zhurnalistikasynıң өткені, бүгini, ертеңi хақында. ҚР ақпараттық кеңістігінің дамуы: онжылдық tözhibe. [Past, present, future of Kazakh journalism. Development of the information space of the Republic of Kazakhstan: decades of experience]. Almaty: Қазақ ҰУ, 2002. 64 b. (in Kaz).

АРХЕОЛОГИЯ

ARCHAEOLOGY

Қуаныш Шақшақов

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті Көкшетау, Қазақстан
e-mail: k.lilit.83@mail.ru

**АРХЕОЛОГ В.Ф.ЗАЙБЕРТТІҢ
ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ**

Аңдатпа. Ғылыми мақалада көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, археология ғылымдарының профессоры, Герман археологиялық институтның корресподент мүшесі, В.Ф.Зайберт ғылыми мұрағатының материалдарын зерттеуге арналған. Бұл материалдар бізге ғалымның жеке басы туралы түсінік береді. Оның басты қасиеттері – еңбекқорлық пен ұйымшылдық, үмітсіздікке бой алдырмай, қиындықтарға төтеп беру және жеңу қабілетімен көбейтіледі. Оларды ғылыми мұрағаттардан алынған материалдардан жазбалардан анық байқауға болады. Ғалымның Солтүстік Қазақстан, Көкшетау және Ботай археологиялық экспедициясы басқару барысында көптеген жазылған ғылыми есептері, мақалалары және монографиялық еңбектерінен аңғаруға болады. Қазіргі таңда Атбасар және Ботай мәдениетінің ескерткіштерінен табылған археологиялық жәдігерлері еліміздің іргелі музей қорларында сақтаулы тұр.

Түйін сөздер: Тарих, Археология, Солтүстік Қазақстан, Атбасар, Ботай, тас дәуірі.

Сілтеме үшін: Шақшақов Қ. Археолог В.Ф.Зайберттің ғылыми еңбектері тарихи дереккөз ретінде // Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 184. No 4. 48-54 бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-4-4-48>

Kuanysh Shakshakov

Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan
e-mail: k.lilit.83@mail.ru

**Scientific works of the archaeologist V.F. Zaibert
as a historical source**

Abstract. The scientific article is devoted to the study of the materials of the scientific archive of V.F. Seibert, an outstanding scientist, Doctor of Historical Sciences, Professor of Archaeological Sciences, Corresponding Member of the German Archaeological Institute. These materials give us an idea of the scientist's personality. His main qualities are hard work and organization, multiplied by the ability to withstand and overcome difficulties without giving in to despair. They can be clearly traced in the records of the materials from the scientific archives. During the leadership of the North Kazakhstan, Kokshetau and Botai international archaeological expeditions, the scientist can be seen writing many scientific reports, articles and monographs. Currently, archaeological artifacts found at the monuments of the Atbasar and Botai cultures are stored in large museum collections of the country.

Keywords. History, Archeology, Northern Kazakhstan, Atbasar, Botai, Stone Age.

For citation: Shakshakov K. Scientific works of the archaeologist V. F. Zaibert as a historical source // Electronic scientific journal " Kazakh history ". 2024. Vol. 184. No. 4. Pp. 48-54 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-4-4-48>

Кіріспе

Қазақстанның солтүстігінде В.Ф. Зайберт бастаған Солтүстік Қазақстан, Көкшетау археологиялық экспедициясы және Ботай халықаралық экспедициясының жоспарлы ауқымды зерттеулері Атбасар және Ботай археологиялық мәдениетінің ашылуына және негізделуіне әкелді. Мұқият далалық жұмыстар, бай археологиялық коллекцияларды талдау үшін жаратылыстану ғылымдарының мамандарын тарту

қарабайырлықтың экономикалық, әлеуметтік-мәдени процестерінің әртүрлі аспектілерін теориялық қайта құру үшін берік ғылыми база құрды. Атбасар және Ботай археологиялық мәдениеті материалдарының Еуразияның далалық аймағында мезолит-неолит және энеолит дәуірінде маңызды мәдениеттердің пайда болуы мен қалыптасуы мәселесін шешудегі маңызы сөзсіз (Зайберт, 1979: 10-12; 1993: 20-29).

Осы кешенді экспедициялардың зерттеулерінің нәтижесінде құнды археологиялық мү-

ралары, Солтүстік Қазақстан тарихи-өлкетану музейі, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтында сақтаулы тұр. 2018 жылдан бастап жұмыс жасай бастаған, Ботай музей қорығы және В.Ф.Зайберттің жетекшілігімен архивтік қорларды жинастыру жұмыстары басталған еді. Осы мақсатта 2021-2023 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің № BR10162994 «Ботай қонысындағы археологиялық ғылыми-эксперименттік зерттеулер және Ботай мәдениетін жеткізгіштердің қамтамасыз ету жүйелерін, өмір салтын және дүниетанымдық-киелі мәнмәтіндерін модельдеу» жобасы аясында, Ботай қонысында Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі В.Ф.Зайберт) кеңестік және тәуелсіздік жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулердің ғылыми есептері қазіргі таңда Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институты мұрағатында сақталған. Ботай музей қызметкерлері, ғылыми есептермен жұмыс жасау барысында институт архивінен қазіргі таңда 23 том ғылыми есебі және Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи өлкетану музейінің ғылыми есептерде қаралды (Зайберт, 2009).

Материалдар мен әдістер

Солтүстік Қазақстан тарихына қатысты Виктор Зайберттің Атбасар, Ботай, Красный Яр, қоныстарына қатысты жарияланған ғылыми еңбектері монографиялары соның ішіндегі өзі басқарған Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы және Ботай халықаралық экспедициясының ғылыми есептері қаралды.

Соның ішінде көрнекті ғалымның «Неолит Северного Казахстана» 1979 жылғы кандидаттық диссертациясы және «Энеолит Урало-Иртышского междуречья» 1992 жылғы докторлық диссертациясының материалдары қаралды және «Атбасарская культура» (1992), «Энеолит Урало-Иртышского междуречья» (1992), ғалымның шәкіреттерімен А. Тюлебаев, Ю. Кулаков және А. Задорожный «Тайны древней степи» (2007), «Ботайская культура» (2009), кітап-альбом «Ботай – у истоков степной цивилизации» (2011), коллективной монографии «Атбасарская культура» совместно А.А. Плешаков және А.Ж.Тюлебаев (2012). Ұжымдық монография «Сакральная аспекты Ботайской культуры» (2018), Ботай (2020) еңбектері қаралды. Шетелдік зерттеу-

лердің ішінде Алан Оутрамның ғылыми мақалаларында Қазақстанның солтүстік аймағындағы неолиттік және энеолиттік ескерткіштер соның ішіндегі Ботай қонысынан табылған жылқы сүйектеріне құнды мақалалар жарияланған (Оутрам,Құрманязов, 2023:384-405; Gaunitz, Zaibert, Hanghoj, Outram, 2018: 111-114). Отандық тарих ғылымында неолит және энеолит дәуірі В.Ф.Зайберттің ғылыми мұраларына талдау, анализдеу жұмыстарын Байгунаков Д.С. еңбектері қарастырылды (Байгунаков, 2017: 99-101; Байгунаков, Сабденова, 2023:5-14).

Талқылау

Атбасар мәдениеті бойынша зерттеулер: Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы ХХ ғасырдың 60 жылдары Ақмола облысы және Солтүстік Қазақстан облысы аумағында мезолит,неолит дәуірлері ескерткіштері зерттеле бастады. Зерттеулер басында көрнекті ғалымдар Г.Б.Зданович, А.Плешаков және В.Ф.Зайберт тұрды (Зайберт, 1992).

1970 жылдардың басында Солтүстік Қазақстан экспедициясы жетекшісі В. Ф. Зайберт орта және кейінгі тас ғасырларындағы тұрақтарына арнайы зерттеуді бастады. Ертіс маңы (Явленска, Виноградов, Тельман, Аккан, Қорғалжын) әр түрлі аудандарындағы мезо-неолит ескерткіштерін он жылдық зерттеу жоспарлы және тұрақтардың топографиялық бақылаулар, көптеген артефактілер кешендері (ондаған мың бірлік) түрінде кең ақпарат жинауға және КСРО Ғылым академиясының Археология институтының аспирантурасында аясында бай археологиялық материалды теориялық тұрғыдан түсіну процедурасына кірісуге мүмкіндік берді. Неолит және қола секторындағы далалық материалдарды көрнекті ғалымдар О.Н. Бадер, Н.Я. Мерперт, А.А.Формозов, Д.А. Крайнов, М.Ф. Косарев, Г.Н. Матюшин және т. б. алдында, сондай-ақ осы ғалымдармен жеке консультацияларда көрсету және талқылау археологиялық дереккөзді бағалау, оның ақпараттық сенімділік деңгейі жоғары кәсіби дайындық пен объективті сараптамалық бағалауды қажет ететіндігі туралы түсінік пайда болды (Захаров, 2024:139-159; Байгунаков., Сабденова, 2023:5-14).

Атбасар мәдениетінің ескерткіштерін түгендеуді жүйелендіруден туындайтын негізгі практикалық тұжырымдар алғашқы археология, атап

айтқанда энеолит саласындағы көрнекті мамандардың ұжымдық пікіріне негізделген. Мұндай тұжырымдарға Атбасар мәдениеті кезеңделу мәселесі көтеріліп, ғылыми айналымға енгізілді.

Осылайша, Солтүстік Қазақстан аумағында балықшылар, аңшылар, терімшілер арасында экономикалық бағыттың, әлеуметтік қатынастардың және дүниетанымның өзгеруіне әкеліп соқтырған экономиканың жаңа формалары айтарлықтай серпінді түрде пайда болады. Сонымен қатар, материалдық өндіріс саласында, әсіресе еңбек құралдарын өндіруде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ, өйткені олар дәстүрлі тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін қамтамасыз етті. Ғалымның осы Атбасар мәдениетіне қатысты еңбектерінің ішінде 1979 жылы В.Ф.Зайберттің кандидаттық диссертациясы қорғалды (Зайберт, 2011).

Ботай мәдениеті бойынша зерттеулер: Ғалымның келесі кезең зерттеулері Ботай қонысында басталды, 1980 жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі В.Ф.Зайберт) ашып зерттеу жұмыстарын жүргізген (кесте 1.).

1980 жылы жазылған ғылым есепте Солтүстік Қазақстан облысы мен Көкшетау қаласы археологиялық барлау жұмыстары және Ботай қонысында қазба жұмыстарымен ескерткіштің жан-жағын қорғау профаликтасы жүргізілген.

Нәтижелер

Ботай мәдениеті туралы ғылыми есеп екі томнан тұрады. Бірінші томында Ботай қонысы мен Көкшетау қаласы (бұрынғы облысы) Виноградовка ауданындағы қазба жұмыстары және жиналып алынған остеологиялық материалдар нәтижелері талданып суреттері мен сипаттамалары берілген. Екінші томында сызбалар, жоспар, карталар, маршруттар және табылған жәдігерлердің қолдан суреттері берілген. 1981 жылы далалық зерттеулер бойынша ғылым есеп екі томнан тұрады. Мазмұнда Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи өлкетану музейінің тапсырмасы бойынша Ботай қонысы, Кириловка ауыл маңы обалары және Солтүстік Қазақстан облысы мен Целиноград облысы (қазіргі Ақмола облысы) маңында археологиялық барлау, қазба жұмыстары нәтижелері берілген. 1982 жылы археологиялық зерттеулер Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Ботай қонысы, Жү-

кей өзені маңы қорымдар Целиноград облысы (қазіргі Ақмола облысы), Солтүстік Қазақстан облысы Бишкуль ауданы маңында археологиялық барлау жұмыстары қазба жұмыстарының нәтижелері көне кадр суреттер (қара пленкалар) бөлек берілген. Ғылыми есеп үш томнан тұрады. 1983 жылы ғылыми есепте Солтүстік Қазақстан облысы Ботай қонысы аумағында қорғау жұмыстары және алғаш рет ғылыми экспериментальді тұрғын үйі тұрғызу мәселесінің алғашқы нәтижелері қарастырыған. Көкшетау қаласы Чаглинка өзені мен Рошинское қонысында археологиялық қазба жұмыстары нәтижелері үш томдық ғылыми есепте көрсетілген. 1984 жылы Ботай, Рошинское қонысы аумағында жүргізілген қазба жұмыстарымен және Павлодар облысы аумағындағы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының зерттеулері ұсынылып отыр. Ғылыми есеп үш томнан тұрады (Зайберт, 2018; Абилямаликов, Курманиязов, 2022: 139-142).

1985 жылы ғылыми есептің мазмұнында Ботай қонысы қазба жұмыстары. Ғылыми-экспериментальді трассологияның негізін қалаушылардың бірі КСРО Ғылыми академиясы Археология институтының Ленинград бөлімшесі қызметкері тарих ғылымдарының докторы Г.Ф.Коробкованың Ботай қонысынан табылған тас құралдарға трассология зерттеулерінің нәтижелері ұсынылып отыр. Петровка-Актас қоныстарының ауылының маңындағы қазба жұмыстары нәтижелері ұсынылған. Қостанай, Торғай облысындағы археологиялық барлау жұмыстары нәтижелері берілген, ғылыми есептер үш томнан және пленкалы суреттерден тұрады.

1986 жылы Солтүстік Қазақстан және Павлодар облысы аумағындағы археологиялық барлау жұмыстары, Ботай, Петровка, Сергеевка қоныстары және Мамлютка ауылының маңындағы обаларға жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері көрсетілген. Ғылыми есеп үш томнан тұрады.

1987 жылы ғылыми есептің бірінші томында Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Сергеевка, Петровка қоныстарындағы зерттеулер және остеологиялық материалдарының нәтижелері көрсетілген. Солтүстік Қазақстан облысы Өрнек, Ақжансай, Новокаменка ауылдарының маңындағы обаларға жүргізілген зерттеулерінің нәтижелері берілген. Облыс аумағында жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары нәтижелері көрсетілген.

Екінші томында сол жылы Ботай қонысы №XXV үй нысанында жүргізілген қазба жұмыстары және Красный Яр қонысындағы қазба жұмыстарының нәтижелері берілген.

Үш томында 1987 жылы Көкшетау, Володравка, Арык-Балык, Келлер, Красноармейский аудандарында жүргізілген барлау ғылыми есептері.

1988 жылғы археологиялық зерттеулер бойынша Петровка ауылының қонысындағы қазба жұмыстары мен барлау есептері берілген. 1989 жылы Ботай, Васильовка XIV қоныстары, Красный Яр ауылының жанындағы қазба жұмыстары және барлау нәтижелері Амангельді, Петровка обаларындағы қазба жұмыстары берілген.

1990 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Сеергевка ауданы обасы мен қонысында жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижелері көрсетілген [Шақшақов, Токтаров, 2024: 73-85]. 1991 жылы СҚО Балкашинском ауданында мен Кеноткель қонысы және обасында археологиялық зерттеулер нәтижелері көрсетілген. Ботай қонысында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Ғылыми есеп бір томнан фототаблицалармен берілген.

1992 жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Қазақстан Республикасы СҚО, Ақмола облысының ескерткіштері жинағын шығару мақсатында облыс аумақтары мен Богодинка-Караганда газ жолының бойынша нысандарға барлау нәтижелері берілген.

1993 жылы Археология институты мен Солтүстік Қазақстан археологиясы бөлімі Қостанай-Көкшетау, Ақсай-Ақтөбе газ құбыры түсетін жолда археологиялық барлау нәтижелері көрсетілген. Сол жылы Ақмола облысы Атбасар және Астарахань аудандары аумағында Ақмола облысының ескерткіштері жинағын шығару паспорттау мақсатында барлау жұмыстары жүргізіліп бірқатар жаңа ескерткіштер анықталған.

2000 жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы мен Герман-Қазақстан археологиялық экспедициясы Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 170 км жерде орналасқан Байқара кешені обасында қазба жұмыстарының нәтижелері қорытындылары берілген. Ғылыми есеп бір томнан тұрады (Зайберт, 2020).

2003-2006 жылдары аралығы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Көк-

шетау археологиялық экспедициясы жетекшісі В.Ф.Зайберт Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті ғалымдарымен қазба жұмыстары Ботай қонысы аумағында ғана қазба жұмыстары жүргізілген. Ғылыми есептер бір том және фототаблицалар берілген.

2006-2009 жылдары Көкшетау археологиялық экспедициясы В.Ф.Зайберт жетекшілігімен Қошқарбай I, Кеңөткел XI, Қошқарбай VII қорымдарында қорғау жұмыстарын жүргізу үшін және Ерейментау ауданында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізген. 2009-2014 жылдар аралығы КАЭ негізгі жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі қаржыландырумен Ботай қонысы қазба жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты архив қорында В.Ф.Зайберттің Ботай қонысында жүргізілген археологиялық қазба зерттеу жұмыстарының ғылыми есептері 2014 жылға дейінгі ғылыми есептер бар. 2014 жылдан кешегі уақытқа дейінгі жүргізілген зерттеулер есептері өкінішке орай өткізілмеген.

Ботай қонысында жүргізілген зерттеу жұмыстары кеңестік кезең яғни 1980-1991 жылдарға дейінгі зерттеулер Солтүстік Қазақстан тарихи-өлкетану музейі тапсырысы Петропавл педагогикалық университеті студенттері оқыту-шаламен жүргізілген.

1992-1993 жылдар аралығы Солтүстік Қазақстан облысы, Ақмола облысы аумағының ескерткіштер жинағын шығару мақсаты және неше түрлі шаруашылық жұмыстар келісімдер арқылы жүргізілген зерттеулер ғылыми есептері бар.

2000-2014 жылдар аралығындағы зерттеулер ҚР БҒМ гранттық жобалар аясында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының ғылыми есептері бар.

Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты архив қорынан алынған ғылым есептері толықтай суретке түсіріліп көшірілді. Ұсыныс ретінде осы жиналған мәліметтерді және басқада В.Ф.Зайберттің ғылыми еңбектерін жеке архивін болашақта Ботай халықаралық археологиялық экспедициясы Ботай тарихи-мәдени мұражайы қорығы атынан еңбектерін жариялауға ұсыныс білдіремін. Іс-сапар барысында толықтай ғылыми есептер тізімі жасаланды (1-кесте).

1-кесте – 2021-2023 жылдары Ботай музей қорығы қызметкерлері құрастырып жинаған, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты архив қорында сақтаулы тұрған Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының ғылыми есептері тізімінің бір бөлігі:

№	Ғылыми есептер атауы	беттер саны	жылы
1	Зайберт В.Ф., Плешаков А.А., Татаринцев Н.С. Отчет о полевых исследованиях Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1980 г.	139	1981
	Приложение I Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1980 г. (карта,чертежи, рисунки артефактов)	102	1981
	Приложение II Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1980 г. (карта, чертежи, рисунки артефактов)	-	1981
2	Зайберт В.Ф. Плешаков А.А. Зданович Г. Б. Отчет о полевых исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1981 г.	196	1982
	Приложение I Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1981 г. (карта, чертежи, рисунки артефактов).	125	1982
	Приложение II Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1981 г. (карта, чертежи, рисунки артефактов).	-	
3	Зайберт В.Ф., Кисленко А.М. Отчет о полевых исследованиях Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1982 г.	119	1983
	Приложение I. Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1982 г. (карта,чертежи, рисунки артефактов).	89	1983
	Приложение II. Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1982 г. (фотография).	21	1983
4	Зайберт В.Ф., Плешаков А.А., Кисленко А.М. Отчет о полевых исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1983 г.	72	1984
	Приложение I. Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1983 г. (карта,чертежи, рисунки артефактов).	49	1984
	Приложение II. Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1983 г. (фотография).	31	1984
5	Зайберт В.Ф., Плешаков А.А., Кисленко А.М. Отчет о полевых исследованиях Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1984 г.	124	1985
	Приложение I. Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1984 г. (карта,чертежи, рисунки артефактов).	73	1985
	Приложение II. Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1984 г. (фотография).	36	1985

Қорытынды

Көрнекті ғалымның ұзақ жылдары зерттеу және ізденіс нәтижелерінде, көптеген Қазақстан ежелгі тарихын зерттеуде көптеген ғылыми құнды мұралар қалдырды. Ғылым жолында ғалымның 2 докторлық және 10-нан астам кандидаттық диссертациялар дайындалды.

Зерттеудің тарихи маңызы:Соның ішіндегі Атбасар, Ботай мәдениеттерінің ескерткіштерін зерттеуге үлкен үлес қосты. Ғалым неолит энеолит дәуіріне қатысты ғана емес, сонымен қатар мезолит, неолит, қола және ерте темір дәуірі, ортағасырлар сияқты тарихи-мәдени кезеңдерді зерттеуге өзіндік үлес қосқандығы бүгінгі таңда кеңінен белгілі болып отыр. Ға-

лымның ғылыми мұраларын зерттеуде қазіргі таңда Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі, Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі және Ботай музей қорығы қызметкерлері тарапынан кең көлемде зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Солтүстік Қазақстанның ежелгі дәуірі бойынша Виктор Зайберт жинақтаған мағлұматтар осы тарихи мәдени-кезең бойынша кеңістік-хронологиялық байланыстардың ежелден орын алғандығын айғақтап қана қоймай, Еуразия құрылымы және Қазақстан бойынша эталондық белгі болатын Ботай

мәдениетінің ескерткіштер атап өтуге болады. Виктор Зайберт археологияда жаңа бағыттың жаратылыстануның қалыптасуында үлкен рөл атқарды.

Ғалымның соңғы жылдары жоғары деңгейдегі археологиялық кадрларды даярлаумен және Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі қарабайыр тарих пен археология бойынша зерттеулерді үйлестірумен, сондай-ақ археология және Қазақстанның ежелгі тарихы бойынша халықаралық және отандық ғылыми-зерттеу бағдарламаларын іске асырумен байланысты болды.

Әдебиеттер

Gaunitz Ch., Zaibert V.F., Hanghoj K., Alan K. Outram Ancient genomes reveal the ancestry of modern domestic horses and the feral origins of Przewalski's horses // *Science*. 2018. p.111-114.

Абильмаликов К.К., Курманиязов И.С. Теоретико-методологические аспекты изучения памятников Ботайской культуры (1980–2014 гг.) // *Вестник КазНУ. Серия история*. 2022. Т. 107. № 4. С. 138-149.

Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е. Археолог, В.Ф.Зайберт және Ботай мәдениеті // *Отан тарихы ғылыми журналы* № 26. (1), 2023, 5-14 бб.

Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е.Археолог, профессор Виктор Зайберт –70 жаста // *Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия историческая*. 2017. № 3.99-101 бб.

Зайберт В. Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. Петропавловск, 1993. – 246 с.

Зайберт В.Ф. «Ботай».- Алматы: «Балауса баспасы» 2020. 480 бет, қазақ, орыс ағылшын тілінде.

Зайберт В.Ф. Атбасарская культура // Екатеринбург: УрО РАН, 1992. — 222 с.

Зайберт В.Ф. Ботай у истоков степной цивилизации. Книга-альбом. Алматы: Балауса, 2011. 480 с.

Зайберт В.Ф. Ботайская культура. Алматы: «КазАкпарат», 2009. 566 с.

Зайберт В.Ф. Неолит Северного Казахстана: автореф. дис. ... канд. ист. наук. М., 1979. 16 с.

Зайберт В.Ф. Сакральные контексты Ботайской культуры / – Астана: 2018. Казахский научно-исследовательский институт культуры монография.-380 с.

Зайберт В.Ф., Тюлебаев А.Ж., Задорожный А.В., Кулаков Ю.В. Тайны древней степи. (Исследования поселения Ботай в 2004-2006 гг.). Коллективная монография. – Кокшетау: Издательский центр Кокшетауского университета, 2007. – 163 с.

Захаров С.В. Изучение памятников энеолита казахстанского Приишмья (1950-е – 1996 гг.)// *Журнал Археология Казахстана* №2 (24), 2024, С. 139-159.

Оутрам А.,Қурманиязов Ы.С. Роль Ботайской культуры и специализированного скотоводства в двух этапном процессе одомашнивания лошади // *Отан тарихы журналы* -2023. №2 (26) С.384-407.

Шақшақов Қ.Ғ., Токтаров Д. В.Ф.Зайберт еңбектеріндегі Солтүстік Қазақстанның ежелгі тарихы // *Мәдени мұра журналы* №3, (106), 73-83 бб.

References

Abilmalikov K.K., Kurmaniyazov Y.S. Teoretiko-metodologicheskiye izucheniye aspekty izucheniya pamyatnikov Botayskoy kul'tury (1980–2014 gg.) [Theoretical and methodological aspects of studying the monuments of the Botai culture (1980-2014)] // *Vestnik KazNU. Seriya istoriya*. 2022. T. 107. № 4. S. 138-149.

Baigunakov D.S., Sabdenova G.E. Archaeologist, professor Victor Seibert – 70 years old [Archaeologist, Professor Viktor Seibert – 70 years ago] // *Bulletin of KazNU named after. al-Farabi. The series is historical*. 2017. No. 3.99-101 bb. [In Kazakh].

Baigunakov D.S., Sabdenova G.E. Archaeologist, V.F. Zaibert jane Botai madeniety [Archaeologist, W. F. Zaibert and the Botai culture] // *Otan Tarihy Gylymi Magazines* No. 26. (1), 5-14 bb. [in Kazakh].

Gaunitz Ch., Zaibert V.F., Hanghoj K., Alan K. Outram Ancient genomes reveal the ancestry of modern domestic horses and the feral origins of Przewalski's horses // *Science*. 2018. p.111-114.

Outram A.,Kurmaniyazov Y.S. Rol' Botayskoy kul'tury i spetsialirovannogo skotovodstva v dvukh etapnom protsesse odomashnivaniya lozhchadi [he role of the Botai culture and specialized cattle breeding in the two-stage process of horse domestication]// *Otan tarikhly zhurnaly* -2023. №2 (26) S.384-407. [In Russian].

Шақшақов К.Г., Токтаров Д. В.Ф.Зайберт еңбектеріндегі Солтүстік Қазақстанның ежелгі тарихы [The ancient history of Northern Kazakhstan in the works of V.F. Zaibert] // *Madeni mura jurnalı* №3, (106), 73-83 бб.

Zaibert V.F. Atbasarskaya kul'tura [Atbasar culture] // *Ekaterinburg: Ural Branch of the Russian Academy of Sciences*, 1992. – 222 p. [In Russian].

Zaibert V.F. Botai [Botay] – Almaty: “Balausa Baspasy” 2020. 480 bet, Kazakh, orys agylshyn tilinde. [In Kazakh, Russian English,].

Zaibert V.F. Botay u istokov stepnoy tsivilizatsii. Kniga-al'bom. [Botai at the Origins of the Steppe Civilization.] Book-album. Almaty: Balausa, 2011. 480 p. [In Kazakh, Russian English,].

Zaibert V.F. Eneolit Uralo-Irtyshskogo mezhdurech'ya. [Eneolithic of the Ural-Irtysh interfluve]. Petropavlovsk, 1993. – 246 p. [In Russian].

Zaibert V.F. Neolit Severnogo Kazakhstana: [Neolithic of Northern Kazakhstan]: author's abstract. diss. ... candidate of historical sciences. Moscow, 1979. 16 p. [In Russian].

Zaibert V.F. Sakral'nyye konteksty Botayskoy kul'tury [Sacral contexts of Botai culture] / – Astana: 2018. Kazakh Scientific Research Institute of Culture monograph.-380 p. [In Russian].

Zaibert V.F., Tyulebaev A.Zh., Zadorozhny A.V., Kulakov Yu.V. Tayny drevney stepi. (Issledovaniya poseleniya Botay v 2004-2006 gg.). [Secrets of the Ancient Steppe. (Research of the Botai settlement in 2004-2006).] Collective monograph. – Kokshetau: Publishing Center of Kokshetau University, 2007. – 163 p. [In Russian].

Zakharov S.V. Izucheniye pamyatnikov eneolita kazakhstanskogo Priishim'ya (1950-ye – 1996 gg.) [Eneolithic monuments of the Kazakh Ishim region (1950s – 1996)]// Zhurnal Arkheologiya Kazakhstana №2 (24), 2024, S. 139-159.

Zaybert V.F. Botayskaya kul'tura.[Botai culture] Almaty: «KazAkparat», 2009. 566 s. [In Russian].

МАЗМҰНЫ

Деректану және тарихнама

<i>Мустафаев Б.</i> Құрбанғали Халидидің «Тауарих-и Хамса-и Шарқи» еңбегіндегі Ферғана хандарының баяны бөліміне талдау	4
<i>Елеуов М., Молдахмет А.</i> Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы алтын орда дәуірінің қалалары: фольклорлық және жазба деректер бойынша.....	15

Жаңа және қазіргі замандағы Қазақсан

<i>Алтымышова З., Мамадалиева А.</i> Қырғызстан мен Қазақстандағы байларды тап ретінде жою саясаты: салыстырмалы талдау	24
<i>Токашева А.</i> 1940 және 1950 жылдардың басындағы ғылыми басылымдардың тақырыптық мазмұны мен қызметіне тарихи талдау	33
<i>Досмаханова М.</i> Қызылорда облыстық телеарнасының 1991-2024 жырдардағы даму тарихы	39

Археология

<i>Шақшақов Қ.</i> Археолог В.Ф.Зайберттің ғылыми еңбектері тарихи дереккөз ретінде.....	48
---	----

CONTENTS

Source studies and historiography

- Mustafaev B.*
Analysis of the section on the account of the Fergana khans in Gurbanqali Khalidi's work *Tawarikh-i Khamsa-i Sharqi*.....4
- Yeleuov M., Moldakhmet A.*
Cities of the Golden horde in the lower reaches of the Syrdarya river: according to folklore and written sources.....15

New and modern Kazakhsan

- Altymyshova Z., Mamadalieva A.*
Dekulakization policy in Kyrgyzstan and Kazakhstan: a comparative analysis.....24
- Tokasheva A.*
The processes of development of historical science in the post-war years.....33
- Dosmakhanova M.*
The history of the development of the Kyzylorda regional tv channel in 1991 to 202439

Archaeology

- Shakshakov K.*
Scientific works of the archaeologist V. F. Zaibert as a historical source.....48